A calculation of unit cost is objectively a necessary process at a management by a production. As a result of study concept of prime "price", her kinds, classification, and also concept of "expenses", and the methods of their account and system can be done conclusion, that cost accounting - one of basic methods of management by expenses.

In an order effectively to manage organization, only not enough to provide the stream of acuestss, it is needed yet and to form the stream of charges so that a financial result always remained positive.

Keywords: calculation, prime price, позаказный method, попередельный method, попроцессный method, system of "стандарт-кост", system of "директ-костинг", normative method

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

ӘОЖ 371.321

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ МЕН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

А.Ж. Курмантаева – *Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы*

Бұл мақалада білім беру жүйесінің даму болашағы және жетілдіру жолдары ретінде оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу сияқты ғылым мен практика жетістіктері қарастырылған.

Қазіргі кезде кез келген мемлекеттің табысы – оның жер көлемі мен табиғи қорларының көптігінде емес, бәрінен бұрын адам мүмкіндіктерінің сапасына сүйенеді.

Халықаралық деңгейдегі білімнің басты бір ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау ісі болса керек. Ал, бәсекеге қабілетті болудың алғышарты оның ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру деген сөз.

Отандық білім жүйесі өз қызметін «Білім беруге салынған бүгінгі инвестиция - мемлекеттің ертеңіне жасалған қамқорлық» деген қағидатқа сүйене отырып жүзеге асыруы керек.

Білімді адамдарсыз заманауи инфрақұрылымды дамыту, тиімді мемлекеттік аппарат құру, қолайлы бизнес климатты қамтамасыз ету мүмкін емес.

Түйін сөздер: Кәсіби біліктілік, білім беру жүйесі, интеллектуалды ұлт, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, оқытудың ақпараттық технологиясы.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұнын мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

XXI ғасырда әлемдегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

XXI ғасырдағы білім берудің шеңбері мен проблемасын анықтауға әрекет жасаған ЮНЕСКО-ның және басқа халықаралық ұйымдардың соңғы құжаттарында дүние жүзінде білім беру жүйесін дамытуда ең алдымен білім беру тәжірибесінің ғаламдық және ұлттық бірегей түрлері үйлестірілген нұсқалары мен модельдерін іздестіруге ерекше көңіл бөлінген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді

ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [1]. Осы орайда, білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Оны жүзеге асыру – білім беру мекемелерінде жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Жаһандану заманында интеллектуалды ұлт қалыптастыру, мемлекет басшысы нұсқағандай, қатал бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ғана қатысты емес, оларды ел экономикасын алға тартатын күш ретінде орнықтыруға да байланысты. «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобада Елбасы Н.Ә.Назарбаев оны іске асырудың басты бағыттарының бірі ретінде жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесін, негізінде «еңбек сүйгіштік, намыс, парасаттылық, үнемі өзін-өзі жетілдіру мен оқуға ұмтылысы» сияқты қасиеттер жатқан құндылықтар жүйесін қалыптастыруды атап көрсетті [2]. Отандық білім жүйесі өз қызметін «Білім беруге салынған бүгінгі инвестиция - мемлекеттің ертеңіне жасалған қамқорлық» деген қағидатқа сүйене отырып жүзеге асыруы керек.

Халықаралық деңгейдегі білімнің басты бір ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау ісі болса керек. Ал, бәсекеге қабілетті болудың алғышарты оның ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру деген сөз. Бұл тақырыптағы мәселенің мән-жайы осыған байланысты күрделене түседі.

Қазақстанның білім беру жүйесі халықаралық салыстырмалы аспектіде көптеген сыртқы көрсеткіштер бойынша күшті болып та, сондай-ақ жеке индикаторлар мен индекстер бойынша әлсіз болып та сипатталады. Жалпы ҚР бойынша білім берудің даму үрдісі жалпы әлемдік деңгейдегі дамуға сәйкес келеді. Сонымен қатар оның басты мәселесі – білім беру жүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қажет қаржыландырудың жеткіліксіз күйде қалуы болып табылады.

Білім беру мазмұны мен құрылымын жаңартудан басқа, жоғары білімді мамандарды дайындаудың үш сатылы моделін – бакалавриат – магистратура – докторантура PhD – қабылдау мен білім беру жүйесін жаңаша басқару үрдісі қалыптасты.

Көптеген өркениетті елдер даму стратегиясын айқындап, жүйелеу кезінде жоғары білімнің сапасын бірінші орынға қояды. Әлемде жоғары білім – жалпы білім, ғылым және мәдениеттің тоғысқан жері. Сондай-ақ жоғары білім – кәсіби машықтану алаңы. Бізді қоршаған әлем үнемі өзгеріп отырады, ол қанша күрде-

ленсе де, әрқашан жаңа мүмкіндіктер ашумен болады. Жаһандану, өңірлік ықпалдастық, студенттердің ұтқырлығы дүниежүзілік деңгейде мойындалатын сапаның болуын талап етеді.

Елдің интеллектуалдық капиталы мен қоғамның инновациялық әлеуеті тек қана білім арқылы келетіндігі мәлім. Осы тұрғыдан алып қарағанда, университеттерге деген бұрынғы көзқарасты өзгертіп, оларды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды нысанына айналдыру – қатал уақыт айқындаған шындық. Жоғары мектепті тек білімнің ғана емес, бүкіл қоғам дамуының мүзжарғыш кемесіне айналдыру – басты мақсатымыздың бірі. Елбасы тапсырмасына сәйкес, енді университеттеріміз білім экономикасының өзегі болып, еліміздің инновациялық дамуының қозғаушы күшіне айналуы шарт.

Қазіргі кезде кез келген мемлекеттің табысы – оның жер көлемі мен табиғи қорларының көптігінде емес, бәрінен бұрын адам мүмкіндіктерінің сапасына сүйенеді. Білімі қаншалықты жоғары мемлекеттің бүгінгі әлемдік қауымдас-тықта бәсекелестікке қабілеттілігі соншалықты биік болмақ. Осы жағдайда ерте бастан өркениетті мемлекеттерде интеллектуалдық бәсекелестік жүріп жатқаны даусыз.

Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің міндеті – жастардың білім алып қана қоймай, алған білімін үздіксіз дамытып, оны бойына сіңіріп, тәрбиелі, әдепті, бір сөзбен айтқанда, интеллектуалды-үйлесімді болуын қамтамасыз ету. Жаңа көзқарас ұлтты ойлануға, ойлауға үйрету арқылы қалыптан тыс көкжиекке көз жіберуге тәрбиелеу, білімді өз бетінше зерделеу, технологиялар мен инновация-лардағы жаңалықтарды жүзеге асыра білу бейімділігімен бағаланады.

Елдің адам капиталы тек білім арқылы ғана көрінетіні сөзсіз. Ал, білімде сер-піліс болмаса – инновациялық дамуда серпіліс болмайтыны бесенеден белгілі. Сондықтан, қазақстандық университеттер “білім экономикасы мен әлеуетінің” ұйытқысы, елдің инновациялық дамуының тегершігі болуға тиіс. Мұндағы айтпағымыз, әлемдегі білім мен ғылымның, мәдениеттің ең соңғы тоғысатын жері – жоғары білім. Бізді қоршаған әлем үнемі өзгеріс үстінде дамып отыра-тындығы баршаға мәлім. Ол қаншалықты күрделенген сайын, оны шешетін жаңа мүмкіндіктерге де кең өріс ашылып отырады.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде сапа мен оған қол жеткізуді арттыру үшін e-learning электрондық оқыту жүйесі зор маңызға ие. Бұл – әлемде қарқынды дамып жатқан салалардың бірі. Электрондық оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі басты мақсат – білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. «E-learning» ауылдық жерлердегі балалардың ақпараттық артта қалуын төмендетіп, жалпы білім сапасын арттырады. Электрондық оқытуды енгізген елдер тәжірибесі АКТ білім алушылардың үлгерімін 17%-20%-ға арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Ал бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқу үрдісін автоматтандыруды енгізуге жағдай жасау қажет. Мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады. Сондықтан да, мемлекет өз кезегінде ақпараттық технологиялардың

дамуына, білім беру мекемелерінің компьютерлік, интерактивті техникамен, мультимедиалық кабинеттермен жабдықталуына жағдай жасап отыр. Мемлекет басшысы 2015 жылға қарай электрондық оқытумен білім беру ұйымдарының 50%-ын, ал 2020 жылға қарай – 90%-ын қамту міндетін жүктеп отыр.

Білім берудің нақты деңгейлерін дамытуда мынадай шаралар атқарылуы тиіс.

Біріншіден, әлемдік жаһандану кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнын ұлттық құндылықтармен, мәдениетаралық түсінік-пайыммен, ақпараттық жетістіктермен, тілдік (ана тілі мен шетел тілдері) байлықпен толықтырған жөн.

Екіншіден, жастардың бойында қоғамның экономикалық және әлеуметтік саласына деген практикалық таным негізін қалыптастырып, өзінің, отбасының, достарының, айналасының, жалпы қоғамның әл-ауқатын ойлайтын жауапкершілігін сезіндірген дұрыс.

Үшіншіден, шыққан әлеуметтік тегіне қарамай, талантты да белсенді, білімді де ойлы жастарды толық қолдау арқылы қоғамның әлеуметтік икемділігін қамтамасыз ету қажет. Осы арқылы жас буынның ақылды адам әлеуметтік экономикалық ролдерді өзгерте алатынына көзі жетеді.

Төртіншіден, білім культі мен қоғам алдындағы жауапкершілікке бағытталған кешенді іс-шараны жағымсыз нәрселерді (наркомания, т.б.) аластатуға бағыттап құру керек.

Бесіншіден, білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Білімге әлеуметтік тапсырыс беруші – жалғыз мемлекет емес, мүдделі мекемелер, ойлы да іскер адамдар болуы тиіс.

Сонымен, адам капиталы адамның білім алу мен тәжірибелік қызмет барысында алған және оған кәсіптік қызметін ойдағыдай орындауға жағдай туғызатын білім, іскерлік, дағды түрлерінде капитал ретінде анықталады.

Осыған дейін әр адам белгілі бір мамандыққа керекті білімді игеруге тырысса, енді көптеген мамандықтардың негізінде жатқан фундаменталдық ұстанымдарды игеруі керек. Қазір ғылымның қай саласы болсын тез ескіруде. Архимедтің немесе Ньютонның заңы сияқты мызғымас заңдар болмаса, бүгін алған білімнің жартысы 10-12 жылда ескіріп, керексіз болып қалады. Сондықтан әр адамға ауадай қажет нәрсе – ақпаратты іздеп, өңдеп, жіктеп, сақтап және қолдануды үйрену.

Қазақстан да көп елдің алды болып, бар күшін салып жатыр. Әсіресе, білім беру жүйесінде үлкен бетбұрыстар жасалуда. Оның себептері де бар. Білімнің қоғам, мемлекет және жеке тұлғалар үшін маңызы зор екендігі белгілі. Елдің байлық өндіру қабілеттілігі оның білімді адамдарының санына және олардың білімдерінің сапасына тікелей байланысты. Қазір Қазақстан немесе Ресей сияқты жері кең байтақ, асты қазынаға толған елдердің тұрмысы жақсы емес, керісінше алдыңғы қатарлы химиялық, ақпараттық және қандай да болсын басқа технологиялары бар елдердің тұрмыстары жақсы. Ондай технологияларды жасау немесе тіпті дайындарын игеру үшін терең білім керек. Сол себептен жалғыз Қазақстан емес, көптеген елдер өздерінің білім жүйесін заман талабына сай өзгертуге тырысуда.

Жоғары білім беру саласында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға ерекше назар аудара отырып, жоғары оқу орындары желісінде оңтайландыру жүргізілуге тиіс. Техникалық және кәсіптік білім саласына үздік әлемдік тәжірибені енгізу үшін «Кәсіпқор» холдингі құрылды.

Ол ТЖКБ-ның жаңа инфрақұрылымын құруды үйлестіреді. Олар – Халықаралық орталықтар мен әлемдік деңгейдегі колледждер. Бұл орталықтар мен колледждер ТЖКБ саласын реформалаудың «локомотивіне» айналады. Олар арқылы Германия, Англия, АҚШ, Сингапур және басқа елдердің озық тәжірибелері таратылады. «Кәсіпқор» стратегиясы оқытудың дуальді жүйесіне, яғни өндірісте оқытуға көшуден тұрады.

Өндіріс бизнесін ТЖКБ саласына тарту мәселесі маңызды болып табылады.

Осы заманғы мемлекеттік менеджерлер даярлау үшін Мемлекеттік басқару академиясының негізінде шетелдік серіктестердің қатысуымен ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ұлттық басқару мектебі құрылуы қажет. Білім беру жүйесін дамытуды ынталандыру мақсатында жеке сектор мен мемлекет арасындағы серіктестікті нығайту, мемлекеттік-жекеменшік білім беруге кредиттер бөлу жүйесін жетілдіру қажет. ЖОО-лардың мәртебесі мен мамандыққа қарай мемлекеттік гранттардың құнын саралауды ойластыруымыз керек.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Осы орайда ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауындағы «Оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданысын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып, аталмыш оқыту жүйесіне жаппай көшу арқылы білім беруді жетілдіру керек. Себебі 2014 жылғы 17 қаңтардағы ҚР Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында басты басымдылық ретінде ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту, оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп белгілеген болатын [3].

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құруға еніп, көкейтесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Ақпарат мемлекеттің даму деңгейін анықтайтын стратегиялық ресурсқа айналып, *ақпараттық мәдениетті қалыптастыру*, яғни мәлімет өңдеу мен оны тасымалдау ісін атқару өркениетті дамудың қажетті шарты болып табылады.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру деп түсіну керек. Мұндай беталыстарды Қазақстанның жоғары кәсіби

мектептерінде жүзеге асыру үшін жоғары оқу орындарына жаңа ақпараттық технологияларды, оқыту әдістері мен түрлерін, заманға сай білім беруді енгізу қажет. Жаңа оқыту технологиялары білім сапасын көтеруге ықпалын тигізіп қана қоймай, жоғары оқу орнына білім беру қызметіндегі бәсекеде өзінің мүмкіншілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазір қолда бар жетістіктермен қатар, тың ізденістер, нақты міндеттер, жаңа бағыттар пысықталып, оны жүзеге асырудың жолдары белгіленді. Соның ішінде білім технологиясы жүйесін жетілдіру басты назарда ұсталып, оған ерекше көңіл болінуде. Өйткені, өркениет жолымен дамуда шешуші ықпал жасап отырған фактордың бірі осы сала.

Білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған білім беруді қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеу керек.

Бюджеттік шығыстардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін және халықтың әртүрлі жіктері үшін сапалы білімге қолжетімділікті арттыруға ықпал ету керек.

Оқытушылардың біліктілігін арттыру республикалық бюджеттің қаражаты, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат есебінен жүргізіледі. 2014 жылы 9378 (22 пайыз) оқытушы ЖОО-ның, кәсіпорындардың, инженерлік зертханалардың, салалық орталықтардың базасында біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Сонымен қатар ЖОО-да осы бағыттағы жұмыс жүйелендірілмеген, біліктілікті арттыру бағдарламаларын қаржыландыру қамтамасыз етілмейді. Педагогтар үшін біліктілікті арттыру жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша – ваучерлік-модульдік жүйені қарастыру керек, оның шеңберінде төлем ақысын тікелей педагогтің өзіне аудару жолымен педагогке біліктілікті арттыру курсының өтудің орнын және уақытын таңдау мүмкіндігін беру керек.

Қазақстанның әрбір азаматының болашақта баласының жоғары оқу орындары мен колледждерде оқуын төлеу үшін жоспарлы түрде ақшалай қаржы жинақтауына мүмкіндік беретін ақылы білім беру қызметтеріне қолжетімділікті арттыру мақсатында мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің тетіктерін әзірлеу керек. Сонымен бірге, білім берудің тиімді жүйесін дамыту үшін оған деген шығынды инвесторларды тарту жолымен ұлғайту қажет.

Техникалық және кәсіптік білімнің құрылымы мен мазмұнын экономиканың индустриялық-инновациялық дамуының сұраныстарын ескере отырып жаңарту қажет. Яғни, ұлттық және салалық біліктілік шеңберінің негізінде кадрлар даярлау құрылымын ретке келтіру керек. Сонымен қатар, мамандарды даярлау еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жүзеге асыру керек. Білім алушылардың бойында қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыратын заманауи білім беру технологиялары оқу процесіне енгізу керек. Озық әлемдік тәжірибе мен қолданбалы зерттеулер жүргізудің негізінде техникалық және кәсіптік білім жүйесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру керек.

Экономика салалары үшін кадрлар даярлаудың инфрақұрылымын дамыту қажет. Жастардың кәсіптік білім алуына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін кәсіптік лицейлер мен жатақханалар салу есебінен оқу орындарының санын

арттыру керек. Оқу орындары шарт негізінде өндірістік тәжірибеден өту үшін базалық кәсіпорындарға бекіту керек. Оқу орындарын заманауи оқу-өндірістік және технологиялық жабдықтармен жанартуға және қайта жарактандыруға жергілікті, республикалық бюджет, жұмыс берушілер қаражаты, халықаралық ұйымдардың заем қаражаттары есебінен тарту қажет. Дүниежүзілік Банктің займы шеңберінде инновациялық даму бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарын атаулы қаржылай қолдау жүйесін құру қажет.

Жұмысқа орналастыруға ықпал ету үшін еңбек нарығындағы бос орындар базасымен өзара байланысты сертификатталған түлектердің дерекқорын құру керек.

Еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттерін және жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін:

- жоғары білімнің еуропалық аймағына кірігуді қамтамасыз ету;
- білімнің, ғылымның және өндірістің кірігуін қамтамасыз ету, зияткерлік меншік пен технологиялардың өнімдерін коммерцияландыру үшін жағдай жасау;
- жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау қажет.

Қазіргі заманғы жағдайда стратегиялық ресурсы адами капитал болып табылатын еңбек өнімділігі экономикалық өркендеу мен бәсекеге қабілеттіліктің ұзақ мерзімді негізіне айналуы тиіс. Мемлекет осы ресурстың дамуына үлес қосуы керек.

Білімді адамдарсыз заманауи инфрақұрылымды дамыту, тиімді мемлекеттік аппарат құру, қолайлы бизнес климатты қамтамасыз ету мүмкін емес.

1. *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2000.*
2. *Назарбаев, Н.Ә. Интеллектуалды ұлт – 2020 / Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» стипендиаттарының форумында сөйлеген сөзі // Астана, 2008. – 30 қаңтар. – О nline Закон KZ / document/.*
3. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.*
4. *Дускалиев Н.К. E-learning жүйесінде контентті жасақтау. // «Білім беру қызметкерлерінің кәсіби өсуі білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» тақырыбындағы білім беру қызметкерлерінің Бірінші Республикалық педагогикалық оқуларының облыстық кезеңінің материалдары, Орал қаласы, 2013*
5. *Құлқараев А. «E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері // Электрондық мектеп. - №2 - 2013.*

Резюме

Курмантаева А.Ж. – старший преподаватель КазНПУ имени Абая. **Перспективы развития и пути совершенствования системы образования в Республике Казахстан.**

В данной статье рассмотрены перспективы развития системы образования и пути его совершенствования как использование новых технологий обучения, информатизация, выход на международные сети и многое другое.

В данное время доход любого государства – не в его площади территории и множестве природных фондов, а опирается на качество человеческих возможностей.

На международном уровне один из основных особенностей образования – подготовка кадров необходимых сильной рыночной конкуренции. Первичным условием быть конкурентоспособным означает формирование системы его внутренних механизмов.

Функции системы отечественного образования должна реализовываться опираясь на принцип «Вложенные сегодня инвестиции на образование – забота о завтрашнем дне государства».

Без образованных людей невозможно развивать современные инфраструктуры, формирование эффективного государственного аппарата, обеспечение благоприятного бизнес климата.

Ключевые слова: профильная квалификация, система образования, интеллектуальная нация, формирование информационной культуры, информационные технологии обучения.

Summary

Kurmantaeva A.ZH. – senior lecturer KazNPU named after Abai. **Prospects of development and ways of improvement of the education system in the Republic of Kazakhstan.**

This article considers the prospects for the development of the education system and ways of its improvement as the use of new learning technologies, Informatization, access to international networks, and more.

At this time, the income of any state in land area and the many natural assets, and based on the quality of human capabilities.

At the international level, one of the main features of education - training requires a strong market competition. The primary condition to be competitive means the formation of its internal mechanisms.

The functions of the national education system should be implemented based on the principle of "Nested today, investment in education is concern about the future of the state."

Without educated people it is impossible to develop a modern infrastructure, the formation of an effective state apparatus, providing a favorable business climate.

Keywords: relevant qualifications, education, intellectual nation, the formation of information culture, information technology training.

ӘОЖ 336.71

БАНКТИК МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

А.К. Адельбаева – *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы*

Банк өнімдерінің нарығы қазіргі таңда қарқынды даму үстінде. Орын алған бәсекелік ортада тұрақты клиент жинау жолында жүйелілік элементтері қалыптаса бастады және әрбір банк өнімін тұтынатын тұлға үшін күресу қажеттігі күн санап артып келеді. Осыған орай, банк қызметіндегі маркетинг түсінігі жаңаша мәнге ие болып отыр, банк өнімін тұтынатын жаңа клиенттерді тарту мен оларға бағыт беру, сондай-ақ банк өнімін өткізуде жүйелі, әрі негізделген құрылымдық кешендер

шаралары қалыптасқан. Банктік бәсекелестіктің күшею қарқынына байланысты банктер маркетинге қызметін жылжыту әдісі ретінде қарайды. Банктік қызметтер материалдық түрде емес, абстрактылы болғандықтан бұл қызмет түрі басқа тауарлаға қарағанда халықпен қиынырақ қабылданады. Банк өнімдері маркетингінің ерекшелігі банк пен клиент арасындағы арақатынастағы ерекшелік пен жалпы банкпен ұсынылып отырған өнімнің ерекшелігіне байланысты. Онда басты орынды сенімділік элементтері мен өнім сапасы алады. Арине, банк саясатын қалыптастыруда бұл элементтердің барлығын кешенді түрде қарастырған жөн, оның негізінде банктік клиенттермен жұмыс істеу үлгісі жатыр. Бүгінгі таңда банктік маркетингтің тиімділігі төңірегіндегі сұрақ өзекті мәселеге айналып отыр. Жарнамаға неше ақша жұмсаймы? Оның тиімділігін максималдау үшін қайда орналастырамыз? т.с.с. сұрақтардың шешуін табу керек. Мақалада жалпы алғанда банктік маркетинг, оның түрлері мен тұжырымдамалары, оның қажеттілігі қарастырылған, себебі банктік маркетинг заманауи банк секторында несиелік мекеменің қарқынды дамуының ажырамас бөлігі.

Түйін сөздер: Банк, маркетинг, қызметтер, тұжырымдама, банктік маркетинг.

Банктік қызмет нарығы заманауи экономиканың ажырамас әрі маңызды бөлшегі болып табылады. Сондықтан да бүгінгі күні банк жүйесі қызметінің әр түрлі аспектілеріне деген қызығушылық күн сайын артып келеді. Қарқынды бәсекелік орта икемді нарық стратегиясын жасау, банктік қызмет нарығын сегменттеу, жаңа операция түрлері мен қызмет көрсету әдістерін дамыту сияқты қадамдар жасауды талап етеді.

Тауарлар мен қызметтерді өткізу – нарық жағдайында жұмыс істейтін кез келген кәсіпорын үшін маңызды болып табылады. Банк ісі де кәсіпкерлік қызметтің бір түрі ретінде сол топқа жатады. Сондықтан, банк саясатының басты мақсаты ретінде клиент тартуды, өз қызметін өткізу аясын кеңейтуді, нарықты жаулау арқылы өз пайдасын арттыруды көздейді және осы мақсатқа жету жолында банктік маркетингтің құралдарын пайдаланады. Банктер басында маркетингті сұранысты зерттейтін, клиенттерді тарту мен ынталандырудың құралы ретінде ғана қарастырған, ал бүгінгі таңда оның маңызы артып маркетингтік тұжырымдамалар жасалуда, онымен қоса банктерде ақпарат жинау және өңдеумен айналысатын, маркетингтік бағдарламалар жасау мен бақылауды жүзеге асыратын маркетингтік қызмет бөлімшелері жұмыс істей бастады.

Соңғы уақыттарда қаржы нарығындағы күшейіп отырған бәсеке мен банктер арасындағы ауысып отыратын клиенттерінің әсерінен банктік маркетингтің мәні мен мақсаттары өзгеріске ұшырап отырады. Сондықтан, маркетинг банктік қызметтерді пайдаланушылардың талғамы мен үнемі өзгеріп отыратын қалауларын терең зерттеп отыруы тиіс. Ал ол үшін банктік маркетингке, оның түрлері мен әдістеріне тереңірек тоқталуымыз жөн.

Банктік маркетинг дегеніміз клиенттердің нақты қажеттіліктерін ескере отырып, банк өнімдерін өткізу үшін тиімді нарықтарды іздеуге арналған қызмет түрі. Банк саласында біріккен маркетинг деген түінік дамып келеді, ол маркетинг түрі тек салымшылар санын көбейтумен қатар оларға көрсетілетін қызмет түрін үнемі жақсартып, дамытып отыруға бағытталған.

Банктік маркетингтің басты мақсаттарына жататындар:

- Сұранысты қалыптастыру мен ынталандыру;
- Жұмыс жоспарлары мен шешілетін мәселелерді негіздеу;
- Ұсынылатын қызмет түрлерінің аясын кеңейту;
- Банк табысын көбейту мен нарықтағы үлесін арттыру.

Банктік маркетингтің негізгі міндеттері келесідей:

- Қаржы нарығында үнемі өзгеріп отырған жағдайда банктің рентабельділігін қамтамасыз ету;

- Банк имиджін жасау, сондай-ақ, несие алушылармен және салым салушылармен қатынасының маңызды шарты ретінде банк өтімділігін қамтамасыз ету;

- клиенттер тапсырысын қызметтердің көлемі, құрамы және сапасы жағынан қанағаттандыру арқылы олармен тұрақты қатынастарды қалыптастыру. [1]

Банктік маркетингтің әдістеріне тоқталатын болсақ:

- клиенттермен қарым-қатынас жасау;
- рентабельді қызмет және акционерлерді дивидендтермен қамтамасыз ету;
- басқа банктер және банктік емес ұйымдардың қызметтерімен салыстыра отырып, өз банкінің қызметтерінің артықшылығын көрсету;
- банк қызметтерін өткізу мақсатында банк жұмысшыларының материалдық қызығушылығын арттыру.

Тұтынушылармен тікелей қарым-қатынас жасағанда банктік маркетинг белсенді және белсенділігі төмен болып бөлінеді.

Белсенді банктік маркетингке тікелей маркетинг, яғни белсенді жарнама, пошта, телефон және теледидарды, сонымен қоса халықтан сұрақ – жауап алу, әлуетті клиентпен тікелей сөйлесу, «фокус - топтар» – жекелеген маркетингтік мәселелерді шешуге арналған банкпен ұйымдастырылған пікірталас клубтарын жасау жатады.

Белсенділігі төмен маркетингке банк қызметі мен жағдайы туралы мәліметтерді, банк қызметінің тиімділігі туралы ақпарат беттеріне жариялау жатады.

- интерактивті маркетинг. Бүкіл көрсетілетін қызметтер мен банк өнімдері туралы ақпаратты банктің ресми сайтынан және тәулік бойына жұмыс істейтін телефондары арқылы алуға болады. Шоттар мен коммуналдық және басқа да қызметтер бойынша төлемдерді қосқанда операцияларды Интернет желісі арқылы жүзеге асыруға болады. Соңғы уақытта СМС-жолдаулар арқылы да клиенттерге жүргізілген операциялардың жекелеген түрлерінен хабардар етуі жиілеп барады. «Банк-Клиент» и интернет-банк жүйесіне де сұраныс артып келеді. Сонымен қоса банктер сыртқы коммуникациялық маркетинг кешенін де қолданысқа енгізіп отыр. Мысалы, ATL – жарнама таратудың негізгі құралдарына жататын сыртқы жарнаманы орналастыру бойынша шаралар:

- теледидар;
- радио;
- баспасөз беттері;
- сыртқы жарнама;
- көліктерде орналасқан жарнама;
- Интернет желісіндегі жарнама.

Заманауи банктік тәжірибеге сүйенсек, белсенді маркетинг түрін пайдалану қажетін көреміз, бұнда басты назарды жекелей қызмет көрсетуге бағыттау жөн. Бұнда ескі клиенттерге банктің жаңа өнімдерін ұсыну көзделеді.

«Фокус - топтарға» тоқталсақ, олар маркетингтік әдістерді дамытудың басты факторына жатады, бұл топтар банкке оңтайлы имидж жасау үшін клиенттердің қалауларына орай белгілі бір мәселе төңірегінде талқылаулар өткізеді. Фокус – топ банктің 8-10 клиентінен құралады. Талқыланатын мәселенің деңгейіне қарай банк expertті де қосылуы мүмкін [2].

Банктік маркетинг бір – бірімен байланысты белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыру арқылы жүргізіледі. Оған маркетингтік зерттеулер жүргізу, ақпарат жинау және талдау, банк өнімін жасау (қызмет, операция түрлері), қызметтерге баға белгілеу, банк қызметтерін өткізу мен таратуды ұйымдастыру жатады.

Маркетингтің түйінді мәселелерінің біріне нарықты зерттеу жатады, онсыз банк өзінің нарықтық мүмкіндіктерін болжай алмайды. Бұл мәселе төңірегінде нарықты зерттеу үшін ақпараттар жиналып, осы ақпараттар негізінде тұтынушылардың қажеттіліктері мен талғамдары зерттеліп, банк өнімдерін өткізу тетіктері, құралдары және болашақ жағдайы қарастырылады. Зерттеу негізінде банк қандай қызмет түрлерін дамыту керек, ал қандай қызметке сұраныс жоқ екенін қарастыра келе банктік қызметтің қандай түрлерін енгізу керектігін анықтап алады.

Сонымен, нарықты кешенді түрде зерттеп, тұтынушыларға керекті қызмет түрін анықтап, сол сұранысқа сәйкестендіргендіктен осы қызметтерді тарату жодарын табу банк үшін келесі міндет болып табылады. Ең кең тараған түрлеріне жарнама, сұхбат, телемаркетинг немесе клиенттермен тікелей жеке қары қатынас жасау табылады. Ия, оның көптеген түрлері бар, бірақ осылардың ішінен ең тиімдісін таңдау керек. Сол үшін бұл әдістердің қайсысы анағұрлым тиімді немесе барлығын бірдей қолдану қажетін, сондай-ақ оған кететін шығын көлемін есептеу маңызды [1]

Банктік қызметтер нарығын зерттеудің кеңінен тараған түрі типке бөлу мен сегменттеу жатады.

Типке бөлу дегеніміз тұтынушыларды әлеуметтік сипаттарына, демографиялық және әлеуметтік-экономикалық факторларына сәйкес топтау мен бөлу.

Нарықты сегменттеу деген банкке перспективті болып есептелетін тұтынушыларды нақты топтарға бөлу процесі.

Нарықты сегменттеуді 2 қағидатқа сәйкес жүзеге асырады:

- өнім бойынша (несиелік қызмет нарығы, операциялық қызмет нарығы, инвестициялық қызмет нарығы, траст-қызметтер нарығы);
- клиент бойынша (жылжымайтын мүлік иелері, корпорациялар).

Сонымен қатар, сегменттеуде географиялық, демографиялық, психомәдени ерекшеліктер де ескеріледі. Кәсіпорын нарығын сегментациялағанда мекеменің көлемі, қызмет көрсету түрі, қызметкерлер көлемі, басшылық деңгейі, сұраныс сипаты ескеріледі. Географиялық сегментациялау ретінде үлкен географиялық телімдер, экономикалық аудандар, елдер, қалалар қарастырылады.

Нарықтағы жағдайлар, тұтынушылардың талаптары мен талғамдары үнемі өзгеріп отыратындықтан нарықты сегменттеу бір реттік емес, үнемі жүргізіліп отыратын үрдіс болып табылады.

Нарықта жетістікке жету үшін стратегиялық жоспарлаудың ролі өте зор. Бұл жоспарлау арқылы банк бағыты, мақсаты және міндеттері нақтыланып, оң нәтижеге қол жеткізу үшін ең тиімді әдістер мен құралдарды пайдалануды білдіреді. Маркетингтік стратегия банк үшін стратегиялық жоспарлаудың маңызды құрамдас бөлігі болып келеді. Жоспарлау банктың әлсіз және күшті жақтарын, банк қызметіне әсер ететін жағымды және жағымсыз факторларды жан-жақты сараптайтын экономикалық жобалау бойынша тәжірибелі мамандар тобын қалыптастырудан басталады. Саяси және экономикалық факторлар, банк заңдылығының өзгеруі, технологиялық және әлеуметтік факторлар да назардан тыс қалмайды. Осыған орай, банктің өткен жылдардағы көрсеткіштері, атап айтсақ: алған пайдасы, жасалған қызметінің көлемі, басқа банкермен салыстырғанда банкаралық нарықтағы алатын орны, қызметкерлердің кәсіби дайындығының деңгейі және басқа да көрсеткіштері талданады.

Банкте маркетингті кешенді түрде қолдану дұрыс және банктік кәсіпкерлікте маркетингтік тұжырымдамаларды қолдануды жөн деп санаймын. Келесідей маркетингтік тұжырымдамалар бар:


1. Өндірістік немесе банктік технологияларды жетілдіру тұжырымдамасы. Оған сәйкес клиенттер қымбат емес бағадағы қол жетімді қызметтерге қарап банкті таңдайды.

2. Өнімдік, яғни банктік қызметтерді жетілдіру тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдаманың негізі халыққа басқа бәсекелес банктермен салыстырғанда тиімді қызмет ұсынумен байланысты клиент тартуға негізделген.

3. Сауда тұжырымдамасы – маркетингтік зерттеулер негізінде банк қызметтерін белсенді жарнамалау мен ақпарат таратуға негізделеді. Бұл тұжырымдаманың әдісі ретінде банктермен сақтандыру компанияларын ашуы арқылы кешенді қызмет көрсетуін айтсақ болады.

4. Дәстүрлі маркетингтік тұжырымдама. Оған сәйкес маркетинг банк қызметінің жекелеген түріне ұсыныс пен сұранысты алдымен зерттеу мен талдаудан басталуы абзал, содан кейін ғана сол қызметтер мен өнімдерді тарату мен ары қарай өткізу бойынша бағдарламалар жасалуы тиіс.

5. Әлеуметтік-этикалық маркетинг тұжырымдамасы – банк стратегиясы әлуетті клиенттер қажеттіліктері мен жалпы қоғамның қызығушылығына бағытталады. Бұл тұжырымдама 80 жылдардың басында қалыптасқан болатын. Бұл тұжырымдаманың бір нұсқасы «7-С» тұжырымдамасы. Мұнда маркетингтік құралдар көмегімен тұтынушылар мен өндірушілердің және жалпы қоғамның қызығушылықтары арасында тепе-теңдік орнайды. Төмендегі суретте банктік кәсіпкерлікке қатысты «7-С» жүйесінің элементтері көрсетілген.



Сурет – 1. «7-С» әлеуметтік бағыт тұжырымдамасының элементтері

«7-С» тұжырымдамасының құрамын қарастырайық.

С – 1 – банк клиенті немесе банк қызметін тұтынушы. Тек тұтынушы бар кезде ғана кез келген кәсіпкерлік дамып, өз жұмысын жалғастыра алады, сондықтан дамыған бәсекелестік ортада өз тұтынушылармен іскерлік қарым-қатынас орната алу керек.

С – 2 – кадрлар. Кадрлардың кәсіби біліктілігі мен олардың жұмысқа деген қатынасына қарай банк қызметінің тиімділік деңгейі арта түспек.

С-3 – коммуникация – бұл банкпен ұсынылатын қызметтерді тұтынушыларға жеткізудің әдістері. С-3 төрт "С-құрамнан" тұрады, нақтырақ айтсақ:

С-3.1 – техникалық қамсыздандыру мен коммуникациялар - телевизор, радио, интернет;

С-3.2 – әріптестерге арналған толық ақпарат, яғни келісім-шарт, банк қызметтері мен оларды ұсыну тәртібі.

С-3.3 – мақсаттарды айқындаудың нақтылығы мен дәлдігі.

С-3.4 – қарым-қатынастағы әдептілік.

С-3.5 – барлық деңгейлердегі қатынастардың нақтылығы мен құнттылығы.

С-4 - координация, яғни банктік мекеме қызметінің субъектілері мен объектілері арасында тікелей және қарама-қарсы байланыстың болуы, қызмет стратегиясы мен тактикасын тиімді жүзеге асырудың қажетті элементі.

С-5 - сапа. Бұл элементтің маңызы айтпаса да түсінікті, кәсіпкердің гүлденуін қамтамасыз ететін маңызды элемент.

С-6 - бәсеке. Мақсаттарын максималды тиімді жүзеге асыру жолында өндірушілер, тұтынушылар арасындағы арақатынас пен өзара байланыс үрдісі.

С-7 - мәдениет. Бұл жүйенің соңғы элементі жоғарыда аталған компоненттердің барлығын қамтиды.

"7-С" маркетингтік тұжырымдамасы банк қызметі туралы барлық ақпараттарды жинап, өңдеп, сараптайтындықтан банктік кәсіпкерліктің жүйеленген философиясы болып табылады.

Жоғарыда банктік маркетинг пен оның әдістері жайлы біраз ақпараттың беті ашылды. Қорытындылай келе бүгінгі таңда маркетинг - бұл қатаң дайындықты, терең әрі жан-жақты талдауды қажет ететін, банк басшылығынан әрбір қызметкеріне дейін барлық бөлімшелерінің белсенді жұмыс істеуін талап ететін банк стратегиясы мен философиясы деуге болады. [3]

1. Под ред. Сейткасымова Г.С. *Банковское дело.* – Алматы: «Қаржы қаражат», 1998

2. Хамитов Н.Н. *Банковское дело.* – Алматы: «Экономика», 2005.

3. Гурьянов С.А. под общей редакцией д.э.н., профессора Томилова В.В. *Маркетинг банковских услуг,* 2005.

Резюме

Адельбаева А.К. – старший преподаватель КазНПУ имени Абая. **Банковский маркетинг и его необходимость.**

Современный рынок банковских продуктов сделал большой шаг в своем развитии. В подходах к обретению собственной стабильной клиентской базы появляется элемент системности, обусловленный сложившейся необходимостью конкурировать и бороться практически за каждого клиента. В этой связи обретает новый смысл понятие маркетинга в деятельности банков или системного, обоснованно структурированного комплекса мероприятий по привлечению новых клиентов, их сопровождению и реализации продуктов банка. Из-за обострения банковской конкуренции банки все чаще прибегают к маркетингу как способу продвижения своих услуг. Банковские услуги не имеют материальной формы, их потребительские свойства абстрактны, их нельзя изобразить предметно. Именно поэтому банковские услуги воспринимаются с гораздо большим трудом, чем любой другой материальный товар. Особенность маркетинга банковских продуктов заключается в специфике взаимоотношений клиента и банка и в самой специфике банковских продуктов. Огромную роль в их привлекательности играют элементы надежности и доверительности, при этом качество самих продуктов тоже очень важно. Естественно, что ни один из этих элементов не может быть рассмотрен отдельно от всех остальных при формировании маркетинговой политики банка, в ее основе лежит комплексная модель работы банка с клиентами. В настоящее время вопрос эффективности банковского маркетинга приобретает для банков все большую актуальность. Сколько денег потратить на рекламу? Где ее разместить, чтобы достичь максимального эффекта? и т.д. В статье рассматривается банковский маркетинг в целом, его виды, концепции, а также его необходимость, поскольку банковский маркетинг является неотъемлемой частью успешного развития кредитной организации в современных условиях развития банковского сектора.

Ключевые слова: банк, маркетинг, услуги, концепция, банковский маркетинг.

Summary

Adelbaeva A.K. - Senior Lecturer KazNPU Abaya. **Bank marketing and its necessity.**

The modern market of banking products has made a big step in its development. In approaches to the acquisition of their own stable customer base appears an element of consistency, due to the need to compete and fight for almost every client. In this context, takes on new meaning for the concept of marketing in banks or system, reasonably structured

set of activities to attract new customers, servicing and sale of products of the Bank. Because of the worsening banking competition, banks are increasingly resorting to marketing as a way to promote their services. Banking services have no material form, their consumer properties are abstract, they cannot portray the subject. That is why banking services are perceived with much more difficulty than any other material goods. A feature of the marketing of banking products is the specificity of Bank-customer relationship and the specifics of banking products. A huge role in their appeal play elements of reliability and trust, the quality of the products is also very important. Naturally, none of these elements cannot be considered separately from all the others in the formation of the marketing policy of the Bank, it is based on a comprehensive model of work with clients. Currently question the effectiveness of Bank marketing gains for banks increasingly important. How much money to spend on advertising? Where to place it, in order to achieve maximum effect? etc. The article discusses Bank marketing in General, types, concepts, as well as the necessity for it, since Bank marketing is an integral part of the successful development of a credit organization in modern conditions of development of the banking sector.

Keywords: Bank marketing, service, concept, Bank marketing.

ӘОЖ 336.14

БЮДЖЕТКЕ ТҮСЕТІН САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕРДІ БОЛЖАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.К. Маткаримова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы.

Бұл мақалада елімізде бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдерді болжау ерекшеліктері қарастырылған. Кез келген қазіргі қоғамда экономикалық құрылымды дамыту мен қалыптастыруда, экономикалық саясаттың таңдамалы билік шеңберінде басты рөлді мемлекеттік реттеу атқарады. Мемлекетке экономикалық және әлеуметтік реттеуді жүзеге асыратын ең маңызды механизмінің бірі болып – қоғамның қаржылық жүйесі табылады. Басты буыны болып мемлекеттік бюджет табылады. Мемлекет қаржылық жүйе арқылы мемлекеттік орган қызметін жүзеге асыратын орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қаражаты қорларын қалыптастырады.

Қазақстандағы экономикалық және саяси реформа тоқсаныншы жылдардың басынан бастау алған. Сондай-ақ, бұл реформа бірінші кезекте бюджет жүйесіне қатысты болды. Мемлекеттік бюджет мемлекет ресурсын шоғырландырудың басты құралы болып табыла келе, саяси билікке нақты мүмкіндіктер мен оның құрылымын қаржыландыруға, экономика секторларының дамуын ынталандыруға, халықтың әлеуметтік ең төмен қорғалған бөлігін әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: Бюджет, өндіріс, салық, басқару, нарықтық экономика, дивидент, кедендік баждар, халықаралық сауда, патент.

Бюджет кірістерінің басты материалды көзі – ол Ұлттық табыс. Ұлттық табыстың өсуі мемлекет кірістері мен мемлекеттік бюджет кірістері көлемінің тұрақты ұлғайуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік кірістердің айтарлықтай бөлігі – өндіріс пен айналым салалары мен әр түрлі меншік формаларының

кәсіпорындарында жасалынған қоғамның таза табысы. Сонымен бірге, мемлекет жалпы мемлекеттік мұқтаждықтарды қанағаттандыру үшін әр түрлі кәсіптік іс-әрекетпен азаматтардың табысының бөлігін өз кірістеріне алады.

Бюджетке түсетін кірістер, оларды жұмылдыратын формалар мен әдістер жиынтығы мемлекеттік бюджеттің түсімдер жүйесін құрайды. Мұндай түсімдер маңында белгілі мөлшерде және тағайындалмаған мерзімде бюджет есебінде алынатын міндетті төлемдер түсініледі.

Бюджет түсімдерінің негізін салықтары мен алымдар түрлерінде жұмылдыратын төлемдер құрайды. Республика аумағында орналасқан меншік және шаруашылық формаларынан тәуелсіз барлық заңды тұлғалар мен азаматтар қолданыстағы заңнамаларға сәйкес бюджетке салықтар, алымдар және міндетті төлемдер төлеуге тартылады. Салықтар, алымдар мен төлем төлеушілер, яғни заңды және жеке тұлғалар оларды бюджетке төлеудің басқа төлемдерден басымдылығын қамтамасыз ету мен әрекеттегі заңнамаларға сәйкес оларды уақытымен және толығымен төлеуге жауапкершіліктері тағайындалған.

Мемлекеттік бюджет кірістері салықтық түсімдерге, салықтық емес түсімдерге, негізгі капитал сатудың кірістеріне, ресми трансферттерге мемлекетке ақысыз негізінде берілген ақшаларға бөлінеді. Республикада бюджет кірістерінің құрылымына ең үлкен үлес салмақты салықтық түсімдер құрайды.

Салықтар, алымдар, баж салықтары арқылы экономиканың басымдылық салаларымен бөлек экономикалық аумақтарды жетілдіруге немесе олардың дамуын баяулауға, тұрғындардың бөлек топтарының табыстарын реттеуге, белгілі бір экономикалық іс-әрекетті ынталандыруға не болмаса одан бас тартуға мүмкіндік жасауға болады.

Салықтық түсімдер деп – «ҚР бюджетке салықтар және басқа да міндетті төлемдер жөніндегі» ҚР Заңымен (Салық кодексімен) тағайындалған бюджетке төлемейтін салықтар мен басқа да төлемдер айтылады. Сондықтан, салықтық түсімдердің экономикалық мазмұнын солардың негізіндегі салықтар құрайды. Олар кірістердің материалдық көзі – ұлттық табысты қайта бөлісуге қатынасты болғандықтан өндірістік қатынастардың арнайы формасын құрайды. Осыған байланысты салықтық түсімдер тұрақты ішкі белгілермен, заңнамалықты дамумен ерекше формаларымен сипатталады. Олардың нақты әрекеттегі ақшалай қатынастармен дәлелденеді және қаржы қатынастарының бөлігі ретінде үнемі қозғалыста болады.

Салықтық түсімдерге бюджеттердің түрлері мен деңгейлері бойынша тағайындалған басқа әр түрлі алымдар, ақылар мен баждар жатады.

Салықтық түсімдердің нақты түрлері бюджет жүйесінің тиісті деңгейлері бойынша бекітілген. Республикалық бюджет бойынша өте маңызды фискалды және экономикалық мәні бар салықтық түсімдер бекітіледі. Бұл мемлекеттік мүддеде салықтардың қаржылық категория ретіндегі функцияларын пайдалану қажеттілікпен дәлелденеді, себебі салықтардың фискалдық функциясы мемлекетке экономикалық қатынастарды реттеуге объективтік шарттар туғызады. Мысалы, мемлекет салықтардың экономикалық (реттеуші) функциясы арқылы

ел экономикасында болып жатқан процестерге, қайта өндіріске, капитал қорландыру, тұрғындардың төлем қабілеттілік сұранысына маңызды әсер етеді.

Салықтарды және олардың функцияларын экономикалық процестерге әсер ету үшін пайдалану мемлекеттің салықтық саясатының негізін құрайды. Бұл саясатты іске асыру салық салудың ұйымдастырушы – құқықтық нормалары мен басқару әдістерінің жиынтығынан қалыптасатын салықтық механизм арқылы жүргізіледі. Салықтық емес түсімдер маңында бюджетке Салық кодексінде қарастырылғандардан басқа Бюджет кодексінде тағайындалған міндетті және қайтарылмайтын төлемдер жатады. Салықтық емес түсімдер жіктеледі: а) аумақтық белгілері бойынша; ә) қалыптастыру мен төлету белгілері бойынша; б) төлемдер төлету үшін нақты негіздері бойынша. Бірінші белгілері бойынша белгілі деңгейдегі бюджетке түсетін, яғни республикалық, облыс немесе аудан бюджеттері кірістеріне, салықтық емес түсімдер айырылады. Екінші белгілері бойынша міндетті және өз еркілік төлемдерге бөлінеді. Үшінші белгілері бойынша салықтық емес түсімдер төлемді қалыптастыратын негізге байланысты нақты түрлерге бөлінеді, мысалы, бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауар сатудан түсетіндері.

Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрамында салықтық және салықтық емес түсімдердің рөлі мен мәні өте зор, себебі барлық кірістер ішінде 80-90 пайызы осы түсімдер үлесіне жатады және жалпы ішкі өнім көлемінің 25 пайызын құрайды, ал салықтық түсімдердің жыл сайынғы өсуі орта есеппен 12-13 пайызға жетеді.

Мемлекет бойынша төленетін салықтар, алымдар, баждар және басқа төлем түрлері, оларды тағайындау, есептеу, төлеу принциптері мен тәртібі, салықтық бақылаудың формалары мен әдістері, салық төлеушілер және салықтық қызмет органдарының құқықтары мен міндеттер жиынтығы мемлекеттің салық жүйесін құрайды. Біздің елдің салық жүйесін жасау жалпы әлем бойынша салық жүйелерін құрудың құрылымы мен принциптеріне сәйкес, ал ерекшелігі тек қана республиканың мемлекеттік жайластырушылықтың біртұтас сипатыни абайланысты, себебі мұндай жайластырушылық бюджет түрлері бойынша салық түсімдерді қатаң бөлінуін талап етеді.

Бюджет кірістерінің ішіндегі ең жоғары үлес салмағын алатын салық – ол корпорациялық табыс салығы. Бұл салық түрі 2002 жылдан бастап республикалық бюджетке заңды тұлғалар (резиденттер мен республикада өз әрекетін іске асыратын резидент еместер) төлейтін негізгі салықтардың бірі болып есептеледі. Корпорациялық табыс салығы салынатын объект болып салық салынатын табыс, төлем көзінен ұсталатын салық және республикада өкілетті мекеме арқылы өз әрекетін атқаратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы табылады [1].

Салық төлеушінің алған жылдық жиынтық табысынан кейбір кірістерді алу арқылы ол түзетіледі. Мұндай кірістердің түрлері салықтық заңнамаларда тағайындалған. Жылдық жиынтық табыстың түзетілген соммасынан шегерімдер алынады, яғни салық төлеушінің осы табысты алуға жұмсалған шығындары. Ондай шығындардың тізбесі салықтық заңнамаларда толық келтірілген.

Шегерімдерден алғаннан қалған салық салынатын табыстың сомасы келесі шығындарды алу арқылы 2%-тік мөлшерде түзетіледі:

— салық төлеушінің әлеуметтік сала объектісін ұстауға нақты жұмсалған шығындар;

— коммерциялық емес ұйымдарға тегін берілген мүлік;

— заңнамаларға сәйкес жеке тұлғаларға көрсетілген адрестік әлеуметтік жәрдем.

Түзетілген салық салынатын табысқа 30% мөлшерлеменен, ал негізгі өндіріс құралы жер болатын жағдайда – 10% мөлшерлеменен салық салынады.

Корпорациялық табыс салығы салынатын объект болып төлем көзінен ұсталатын салық салынатын табыс табылады. Мұндайларға жататындар:

— дивиденттер;

— жеке тұлғалардың банктегі салымдар ыбойынша төленетін сыйақыларды қоспағандағы депозиттер бойынша сыйақы;

— ұтыстар;

— резидент еместердің республикадағы көздерден алған табыстары;

— резидент-банктерге, зейнетақы жинақтаушы қорларға, лизинг берушілерге және борыштық құнды қағаздар бойы төленетін сыйақыдан басқа заңды тұлғаларға төленетін сыйақы;

— эмитенттердің купон түрінде борыштық құнды қағаздар бойы төленетін сыйақылар.

Салық төлеушілер салықтық мерзім ішінде ағымдағы айдың 20 жұлдызына дейін бюджетке корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемді енгізуі тиіс. Салықтық мерзім болып күнтізбелік жыл есептеледі. Корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы өткен салықтық мерзім маңындағы декларацияда көрсетілген нақты салықтық міндеттемелер сомасы негізінде, ағымдағы салықтық мерзім маңындағы болжамдаған осы салықтық сомасы есебімен бірге анықталады. Декларация тапсыру мерзімге дейін аванстық төлемдер сомасы өткен жылғы салықтық мерзім бойы төленген аванстық төлемдердің орташа айлық көлемінде есептеледі. Бұл салық бойынша ақырғы есеп айырысу, тағайындалған декларация тапсыру мерзімінен 10 жұмыс күннен асырмай іске асыруы тиіс.

Мүлік салығын салатын объектілер ретінде негізгі құралдар мен материалды емес активтер саналады. Ал, жер, көлік, құралдары үкіметтің шешімі бойынша консервацияда тұрған негізгі құралдар, жалпыға ортақ пайдаланатын мемлекеттік автомобиль жолдары мен оларға салынған жол құрылыстары, инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға жаңадан енгізілген негізгі құралдар және қайта тұрғызылатын ғимараттар мен құрылыстар түріндегі аяқталмаған құрылыс объектілері, сондай-ақ көрсетілген объектілерді монтаждауды талап ететін жабдықтар салық салу объектілеріне жатпайды.

Мүлік салығын төлеуші ретінде меншік құқығында салық салынатын объектілері бар жеке тұлғаларда есептеледі. Жеке тұлғалардың мүлік салығы салынатын объектісі болып олардың меншік құқығымен тиесілі кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын келесі объектілер табылады:

- республика аумағындағы тұрғын үй-жайлар, саяжай, құрылыстары, гараждар және өзге де құрылыстар, ғимараттар үй-жайлар;
- республика аумағындағы аяқталмаған құрылыс объектілері қоныстану кезінен бастап.

Корпорациялық табыс салығының болжауы бірнеше есептеу нұсқаларымен анықталады. Бірінші нұсқа бойынша есептік кезеңде тапсырылған салық декларацияларының мәліметтер жиынтығы пайдаланылады. Бұл мәліметтер арқылы ең алдымен болжамдау мерзіміне салық салынатын табыс анықталады. Сонымен бірге шегерімдер көлемінің өзгерістері де есептеледі, яғни есепті мерзім бойынша анықталған салық салынатын табыс ағымдары жылғы инфляция деңгейі мен келесі салық жылына болжамдап отырған инфляция деңгейіне коррекцияланады. Сондай-ақ, осыған қоса зияндар көлемінің өзгерістері мен оларды ауыстыру мерзімі есептелуге тиісті.

Бірінші вариант бойынша корпорациялық табыс салығының сомасы келесі формула арқылы анықталады:

$$Тб = Де * I_a / 100\% * I_b / 100\% * Сор., \text{ мұнда}$$

Тб - корпорациялық табыс салығының болжамы;

Де - есепті жылғы салық салынған табыс көлемі;

I_a - ағымдағы жылғы тұтынушылық бағалар индексі;

I_b - жоспарлаушы жылға тұтынушылық бағалар индексі;

Сор. - есепті жылғы салықтың орташа мөлшерлемесі.

Екінші вариант бойынша әрбір аймақтағы ірі салық төлеушілер бойы корпорациялық табыс салығының есептелген және төленген сомасы мен салық декларациялар бойынша жылдық нәтижесі және алым-салық қалдықтары сомалар өзгерістері жөніндегі ақпарат пайдаланады. Мұндай есептеуде күтілетін түсімдерден тұрақты сипатта емес және өндірістік іс-әрекетпен байланысы жоқ біржолғы төлемдер алынады да салықтың күтілетін сомасы жоспарлап отырған тұтынушылық бағалардың индексіне корреляцияланады. Болжамдап отырған түсімдер сомасы бұл арада келесі формула арқылы анықталады:

$$Тб = Со * I_b / 100\% * I_k / 100\% * Сор., \text{ мұнда}$$

Тб – корпорациялық табыс салығының болжамдық сомасы;

Со – ағымдағы жылғы салықтың күтілетін сомасы;

I_b – жоспарлап отырған тұтынушылық бағалар индексі;

I_k – жоспарлап отырған өндіріс көлемінің индексі;

Дивиденттерден, сый берулерден, резидент еместердің қызмет түсетін салықтарды болжамдау негізінде олардың ақырғы екі жыл бойы түсімдерінің динамикасы мен болжамдап отырған мерзімдегі экономика дамуының макроэкономикалық параметрлерінің өзгерістері бойынша жоспарланады.

Шикізат секторы ұйымдары бойы заңды тұлғалардан түсетін корпорациялық табыс салығының болжамы сол ұйымдар тізіміне кірітін әрбір салық төлеушілер бойынша бөлек есептеу ерқылы анықталады. Олардың есептеу формулалары келесілер:

$$1. Тө = (Оіө * Біө) + (Оэ * Бэ) + (Отмд * Бтмд) * Кт, \text{ мұнда}$$

Тө - өнім сатудан табыс, мың теңге;
Оіө - ішкі нарықтағы өнім көлемі, мың тонна;
Оэ – экспортқа сататын өнім көлемі, мың тонна;
Отмд – ТМД елдеріне сататын өнім көлемі, мың тонна;
Биө - ішкі нарықтағы өнімнің сату бағасы, долл. 1 тонна;
Бэ – экспортқа сататын өнімнің сату бағасы, долл. 1 тонна;
Бтмд – ТМД елдеріне сататын өнімнің сату бағасы, долл. 1 тонна;
Қт – АҚШ долларына қатынасты теңгенің курсы.

2. $C_T = (T_{нс} + T_{бс}) - Ш$, мұнда

C_T – салық салатын табыс;
 $T_{нс}$ – негізгі сатудан түскен табыс;
 $T_{бс}$ – басқа да сатудан түскен табыс;
Ш – шегерімдер.

3. $KTC = C_T * 30\% / 100\%$, мұнда

KTC – корпорациялық табыс салығы;
 C_T – салық салынатын табыс;
30% - корпорациялық табыс салығының мөлшерлемесі.

Төлем көзінен салынатын жеке табыс салығын болжамдау үшін салық органдарына тапсырылатын салық декларацияларының мәліметтері пайдаланады. Ең алдымен есептелген салық салынатын табыс сомасы мен жеке табыс салығының мөлшері пайдалана отырып, аймақтар бойынша өткен жыл мен есепті жылда қалыптасқан салық алуының орташа пайызын келесі формула арқылы анықтау қажет:

$O_a = C_{ж} / T_o * 100\%$, мұнда

O_a – салық алудың орташа пайызы;
 $C_{ж}$ – есепті жылдағы төлем көзінен салынатын жеке табыс сомасы;
 T_o – есепті жылдағы салық салынатын табыстың есептелген сомасы.

Содан кейін, осы пайыз бен табыс сомасының негізінде ағымдағы жылдағы түсетін салықтардың сомасы анықталады. Демек, төлем көзінен салынатын жеке табыс салығының болжамы келесі формула арқылы есептеуге болады:

$C_{ж} = T_k * I / 100\% * O_a / 100\%$, мұнда

$C_{ж}$ – төлем көзінен салынатын табыс салығының болжамы;
 T_k – ағымдағы жылда салық салынатын табыстың күтілетін сомасы;
I – жоспарлап отырған жылдағы тұтынушылық бағалардың индексі;
 O_a – салық алудың орташа пайызы.

Осы әдіспен есептеуде күтіліп отырған түсімдер сомасынан тұрақты сипатта емес біржолғы төлемдерді алып тастау қажет.

Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар бойынша жеке табыс салығын есептеу үшін салық салуға жатпайтын табыс сомасы мен салықтық шегерімдер сомасына орташа мөлшерлемені қолданылады. Бұл арада аймақ бойынша қалыптасқан орташа мөлшерлеме мөлшері әсер ететін факторларға коррекцияланған есепті мәліметтер арқылы анықталады.

Адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстары бойынша жеке табыс салығы сомасы келесі формула арқылы анықталады:

$$С_{жт} = Т_{к} * I / 100\% * О_{с} / 100\%, \text{ мұнда}$$

$С_{жт}$ – төлем көзінен салынбайтын жеке табыс салығының болжамдық сомасы;

$Т_{к}$ – ағымдағы жылда күтілетін салық салынатын табыс сомасы;

I – жоспарлап отырған жылдағы тұтынушылық бағалардың индексі;

$О_{с}$ – салықтың орташа мөлшерлемесі [2].

Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығын болжамдау үшін ақырғы есепті мезгілдегі жеке тұлғалардың негізгі құралдарымен материалды емес активтерінің құны жөніндегі статистикалық мәліметтер пайдаланады. Есептеу маңында жалпы құннан салық салынбайтын объектілер құны, мүлік салығын төлемейтін жеке тұлғалардың негізгі құралдары мен материалды емес активтерінің құны алынады. Негізгі құралдардың салық салынатын құны болашақ қайта бағалау коэффициентіне түзетілімделіп, бекітілген алым мөлшерлемесі негізінде келесі формуламен есептеледі:

$$С_{м} = (Қ_{нқ} * K / 100\%) * С_{с} / 100\%, \text{ мұнда}$$

$С_{м}$ – мүлік салығының болжамдық сомасы;

$Қ_{нқ}$ – салық салынатын негізгі құралдар мен материалды емес активтердің орташа жылдық құны;

K – болашақ қайта бағалау коэффициенті;

$С_{с}$ – салық мөлшерлемесі.

Жеке тұлғалардың мүлік салығының болжамы жеке тұлғаның меншік құқығында және кәсіпкерлік іс-әрекетте пайдаланбайтын мүлігінің құны жөніндегі уәкілетті орган салық салынатын мүлік құнын анықтау үшін тұрғын үй-жайлардың бір шаршы метрінің базалық құны, оның көлемі, тозу коэффициенттері мен бекітілген мөлшерлемелерді пайдаланады. Сонымен қоса, есептеу жасағанда әрекетті заңнамаға сәйкес берілген жеңілдіктерде есептелуі қажет. Бұл арада болжамдық түсімдер сомасы келесі формула арқылы анықталады:

$$С_{м} = Қ_{нқ} * С_{с} / 100\%, \text{ мұнда}$$

$С_{к}$ - көлік құралдары салығының болжамдық сомасы;

$АЕК$ - жоспарлап отырған жылға айлық есептік көрсеткіш;

$С_{с}$ - салық мөлшерлемесі;

K - пайдалану мерзіміне байланысты түзету коэффициенті.

Әлеуметтік салық мөлшерін болжамдау үшін ағымдағы жылдың осы салық бойынша салық декларацияларының мәліметтерін пайдаланады. Салық салынатын табыстың нақты көлемі мен әлеуметтік салықтың есептелген сомасы негізінде аймақ бойынша осы салықтың орташа мөлшерлемесі анықталады:

$$С_{о} = \frac{\Delta_{н}}{Т_{н}} * 100\%, \text{ мұнда}$$

$С_{о}$ – салықтың орташа мөлшерлемесі;

$\Delta_{н}$ - әлеуметтік салықтың есепті жылда түскен нақты сомасы;

$Т_{н}$ – есепті жылдағы салық салынатын табыс көлемі.

Осыдан кейін, салық төлеушілердің салық салынатын табыстарының өсуі мен орташа мөлшерлеме мөлшерін пайдаланып, ағымдағы жылда түсетін әлеуметтік салықтың көлемі анықталады. Содан кейін, осы мәліметтер негізінде әлеуметтік салықтың болжамдық сомасы келесі формула арқылы есептеледі:

$$\text{Әж} = \text{Та} * \text{Іб} / 100\% * \text{Со} / 100\%, \text{ мұнда}$$

Әж - әлеуметтік салықтың болжамдық сомасы;

Та – ағымдағы жыл бойынша салық салынатын табыстың сомасы;

Іб – жоспарлы жылдағы тұтынушылық бағалардың индексі;

Со - әлеуметтік салықтың орташа мөлшерлемесі.

Жер салығын болжамдау үшін келесі ақпарат қолданылады:

уәкілетті органдардың категориялар бойынша жер көлемі жөніндегі мәліметтері;

бонитет балдары арқылы сапа мен түрлерге дифференцияланған топырақ бойынша базалық салық мөлшерлемелері;

салық органдары ұсынған декларациялар мәліметтері.

Салық заңнамада қарастырылған жеңілдіктерді есептей отырып, жер салығының болжамдық сомасы келесі формула арқылы анықталады:

$$\text{Жж} = \text{Аж} * \text{Со} * \text{К}, \text{ мұнда}$$

Жж – жер салығының болжамдық сомасы;

Аж – жер учаскесінің алқабы;

Со - әрбір жер категориясы бойынша орташа базалық мөлшерлеме;

К – заңнамаға сәйкес жеке төлеушілер үшін тағайындалған коэффициент.

Жер салығын жоспарлау келесі категориялар бойынша іске асырылады:

а) ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер; ә) елді мекен жерлері; б) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер.

Бірыңғай жер салығын болжамдау үшін де декларациялар мәліметтері пайдаланады. Бұл салықты есептеу базасы болып жер учаскесінің бағалау құны табылады, ал оның сомасы осы осы бағалау құнға заңнамада бекітілген мөлшерлемені пайдалану арқылы есептеледі.

Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы болжамдық сомасы уәкілетті органдардың орман шаруашылығы бойынша дайындаған мәліметтері негізінде келесі формула арқылы есептеледі:

$$\text{Та} = \text{Оқ} * \text{Со}, \text{ мұнда}$$

Та – орман пайдаланғаны үшін болжамдық төлемақы сомасы;

Оқ – ағаш дайындау мен басқа да орман пайдалану түрлерінің көлемі;

Со – бекітілген орташа мөлшерлеме.

Су ресурстардың пайдаланғаны үшін төлемақының болжамдық сомасы су ресурстары жөніндегі уәкілетті органдардың мәліметтері негізі мен төлемақы төленетін объектілер бойынша және су тұтыну мен арнайы су пайдалану түрлеріне байланысты Үкімет тағайындаған мөлшерлемелерді қолдану арқылы келесі формуламен есептеледі:

$$\text{Тс} = \text{Сп} * \text{С}, \text{ мұнда}$$

T_c – су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының болжамдық сомасы;
 S_p – алынған, пайдаланған су көлемі;
 C – төлемақы мөлшерлемесі.

Бюджет кірістерінің шектелімдерін болжамдау процесінде әрекеттегі заңнамалық және нормативтік актілерге енгізілген өзгерістер мен қосымшаларды есептеу қажет және түсімдер бюджет жүйесінің деңгейлері бойынша кезекті жылға бекітілген республикалық бюджет жөніндегі Заңның баптарына сәйкес болуы тиіс.

Тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша ішкі салықтар түсімдерін болжау

Ішкі немесе жанама салықтар – ол тауарлардың бағасы арқылы төленетін немесе тарифке енгізілетін сол тауарлар мен қызметке салынатын салықтар. Мұндай салықтардың нақты төлеушілері болып сол тауар немесе қызмет иелері салық сомаларын оларды өткізгенде алады. Ішкі салықтарға қосылған күн салығы (ҚҚС) мен акциздер жатады. ҚҚС түсімдерін екі варианттың есебі елдің орташа мерзімді әлеуметтік экономикалық даму жоспарына сәйкес жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) болжамдық көлемі мен ҚҚС алуының орташа пайызына негізделеді. Есеп келесі формула арқылы жасалады:

$$ҚҚС_{ж} = ЖІӨ_{ж} * C_o / 100\%, \text{ мұнда}$$

$ҚҚС_{ж}$ – ҚҚС болжамдық сомасы;

$ЖІӨ_{ж}$ – ЖІӨ болжамдық көлемі және

$C_o = ҚҚС_e / ЖІӨ_e * 100\%$, мұнда

C_o – алымның орташа пайызы;

$ҚҚС_e$ – есепті жылғы ҚҚС сомасы;

$ЖІӨ_e$ – есепті жылғы ЖІӨ көлемі.

Екінші варианттың есебі ҚҚС түсуінің мониторинг жөніндегі салық органдарының мәліметтеріне негізделеді. Бұл арада ірі салық төлеушілер бойынша есептелген және төленген ҚҚС сомалары жөніндегі мәліметтер пайдаланады. Болжамдап отырған ҚҚС түсімдерінің сомасы әрбір ірі салық төлеушілер бойынша келесі формула арқылы есептеледі:

$$ҚҚС_{ж} = ҚҚС_e * I_b / 100\% * I_ө / 100\%, \text{ мұнда}$$

$ҚҚС_{ж}$ – ҚҚС болжамдық сомасы;

$ҚҚС_e$ – есепті жылғы ҚҚС күтілетін сомасы;

I_b – жоспарлы жылдағы тұтынушылық бағалардың өсуі;

$I_ө$ – жоспарлы жылдағы өндірістің өсуі.

Республика аумағында импортталған тауарлар бойынша ҚҚС болжамы келесі жылғы жобалап отырған импорт көлемінің негізінде жасалады және келесі формула арқылы есептеледі:

$$ҚҚС_{и} = I_{ж} * C_o / 100\%, \text{ мұнда}$$

$ҚҚС_{и}$ – импортталған тауарлар бойынша ҚҚС болжамдық сомасы;

$I_{ж}$ – жоспарлап отырған жылдағы импорт көлемі;

C_o – есепті жыл бойы импортталған тауарларға ҚҚС орташа мөлшерлемесі, ал ол мынадай формуламен есептеледі:

$$Co=ҚҚСе/Ие*100\%, \text{ мұнда}$$

ҚҚСе – есепті жылғы импортталған тауарлар бойынша ҚҚС сомасы;

Ие – есепті жылғы импорт көлемі.

Қазақстан Республикасында өндірілген тауарлар бойынша акциздерді болжамдау үшін алдыңғы жылда акцизделетін тауарлардың өндіріс көлемі жөнінде мәліметтер пайдаланады. Өндіріс көлемі орташа мерзімді әлеуметті-экономикалық даму жоспарының көрсеткіштері арқылы анықталады. Тауарлардың әрбір түрлері бойынша акциз түсуінің болжамдық сомасы келесі формула арқылы есептеледі.

$$Aж=Өк*Са, \text{ мұнда}$$

Аж – жоспарлап отырған жылға акциз сомасы;

Өк – акцизделетін өнімнің өндіріс немесе өткізу көлемі;

Са – акциз мөлшерлемесі.

Ал импортталған акцизделетін тауарлар бойынша акциз түсімдерінің болжамы былай есептеледі:

$$Aи=Иж*К, \text{ мұнда}$$

Аи – болжамдық акциз сомасы;

Иж – импорттың болжамдық көлемі;

К – акциз алу коэффициенті: $K=Aе/Ие$, мұнда

Ае – есепті жылғы акциз сомасы;

Ие – есепті жылғы импорт көлемі.

Халықаралық сауда және сыртқы операциялар бойынша салық түсімдерін болжау.

Кедендік баждар, басқа салықтар, халықаралық сауда мен сыртқы операциялар бойынша болжамдау үшін есепті мәліметтер талдауы мен республика аумағында ағымдағы мерзімде сыртқы сауда айналысының атқарылуы, өнімдердің экспорты мен импортталынған тауарлардың салық салынатын кедендік құны жөніндегі кеден органдарының мәліметтері және әрекеттегі кедендік баждар қолданады. Сонымен қоса, салық және кеден заңнамаларындағы өзгерістер мен теңгенің курсы есептеледі.

Шеттен әкелетін тауарлар бойынша кеден баждарының болжамдық сомасы келесі формула арқылы есептеледі:

$$Кб=К*Ик, \text{ мұнда}$$

Кб – кеден баждарының болжамдық сомасы;

К – алу коэффициенті (өткен мерзім бойынша есептелген кедендік төлемнің импорт көлеміне қатынасы);

Ик – болжамдық импорт көлемі.

Шетке шығаратын тауарлар бойынша кеден баждарының түсімдерін болжамдау маңында салық салынатын база ретінде республика немесе аймақтың орташа мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарында қарастырылған экспорт көлемі алынады. Сонда осындай болжамдық түсімдер сомасы келесідей анықталады:

$$Кб=К*Эк, \text{ мұнда}$$

Кб – кеден баждарының болжамдық сомасы;

К – алу коэффициенті (өткен мерзім бойынша есептелген кедендік төлемнің экспорт көлеміне қатынасы);

Эк – болжамдық экспорт көлемі.

Кедендік бақылау мен кедендік процедураларды іске асыру бойынша түсімдерді болжау салық салынатын база ретінде республиканың орташа мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының мәліметтері арқылы есептелген сыртқы сауда айналысының көлемі алынып, келесі формуламен болжамдық мөлшері анықталады:

$$К_{бп} = К * С_{к}, \text{ мұнда}$$

К_{бп} – кедендік бақылау мен кедендік процедураларды іске асыру бойынша болжамдық түсімдер сомасы;

К – алу коэффициенті (өткен жыл мәліметтері арқылы есептелген осы түсімдер мөлшерінің сыртқы сауда айналысының көлеміне қатынасы);

С_к – сыртқы сауда айналысының көлемі.

Роялти бойынша болжамдық түсімдерді есептеу үшін келесі мәліметтер қажет:

- тиісті уәкілетті органдар ұсынатын пайдалы қазбалардың өндіріп алынатын болжамдық көлемі;
- пайдалы қазбалардың орташа сату бағасы;
- жер қойнауын пайдалану жөніндегі өзара шарттарда анықталған роялти мөлшерлемелері.

Қол қойылатын бонус бойынша түсімдерді болжамдау жер қойнауын пайдалану жөніндегі қол қойылатын өзара шарттар негізінде іске асырылады. Коммерциялық табу бонус бойынша түсімдерді болжамдау пайдалы қазбаларды өндіріп алу жөніндегі өзара шарттар негізінде жасалады.

Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің болжамдық түсімдерін анықтау үшін роялтиді есептегенде қажетті көрсеткіштер керек, бірақ роялтидің орташа мөлшерлемесі орнына өзара шартта тағайындалған өнімдер бөлу бойынша ҚР үлес мөлшерлемесі пайдаланады. Үстеме пайда салықтың түсімдерін болжамдау есепті жылда әрбір өзара шарт бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың ішкі пайда нормасы 20 пайыздың үстінен алынған таза табыс сомасына байланысты.

Капиталмен жасалған операциядан түсетін түсімдерді болжау

Капиталмен жасалған операциядан түсетін түсімдерді болжамдау осы төлемдерді төлеуді реттейтін заңнамалық актілерге негізделеді. Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті, мемлекеттің меншігіндегі материалды емес активтерді және жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді болжамдау үшін ел мен аймақтардың орташа мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларының негізінде жасалған орталық, жергілікті және басқа да мемлекеттік органдардың болжамдық көрсеткіштері пайдаланады.

Республикалық бюджеттен бөлінетін ресми трансферттерінің болжамдық көлемі мен арнауларын жергілікті уәкілетті орган жеткізеді. Бюджеттік

жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар қосымша бюджеттік тапсырыстар арқылы республикалық бюджеттен түскен арнаулы трансферттерді бюджеттік бағдарламалар бойынша бөледі.

Аудан бюджеттерінің түсімдер көлемінде облыс бюджетінен бөлінген ресми трансферттер есептеледі, ал облыс бюджетіне ресми трансферттер төмен тұрған бюджеттерден де, республикалық бюджеттен де түседі. Республикалық бюджет түсімдерінің көлемінде төменгі бюджеттер мен Ұлттық қордан түсетін ресми трансферттер есептеледі [3].

1. *«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.*

2. *2014 жылғы статистикалық агенттіктің мәліметтері.*

3. *Google.kz сайтының арнайы мәліметтері.*

Резюме

Маткаримова Л.К. – старший преподаватель КазНПУ имени Абая. **Особенности прогнозирования налоговых и неналоговых платежей в бюджет.**

В данной статье рассматриваются особенности прогнозирования налоговых и неналоговых поступлений в бюджет страны. Ведущую, определяющую роль в формировании и развитии экономической структуры любого современного общества играет государственное регулирование, осуществляемое в рамках избранной властью экономической политики. Одним из наиболее важных механизмов, позволяющих государству осуществлять экономическое и социальное регулирование, является финансовый механизм - финансовая система общества, главным звеном которой является государственный бюджет. Именно посредством финансовой системы государство образует централизованные и воздействует на формирование децентрализованных фондов денежных средств, обеспечивая возможность выполнения возложенных на государственные органы функций.

Экономические и политические реформы, проводимые в Казахстане с начала девяностых годов, также не могли не затронуть сферу государственных финансов, и, в первую очередь, бюджетную систему. Государственный бюджет, являясь главным средством мобилизации и расходования ресурсов государства, дает политической власти реальную возможность воздействовать на экономику, финансировать ее структурную перестройку, стимулировать развитие приоритетных секторов экономики, обеспечивать социальную поддержку наименее защищенным слоям населения.

Ключевые слова: бюджет, производство, налоги, управление, рыночная экономика, дивидент, таможенные пошлины, международная торговля, патент.

Summary

Matkarimova L.K. - Senior Lecturer KazNPU Abaya. **Features of prognostication of tax and not tax receivables in a budget.**

This article describes the features of prognostication of tax revenues to the state budget. In this article the features of prognostication of tax and not tax receivables are examined in the budget of country. Anchorwoman, qualificatory a role, forming and development of economic pattern of any modern society is played by the government control carried out within the framework of by select power of economic politics. One of the most

essential mechanisms allowing to the state to carry out the economic and social adjusting is a financial mechanism - financial system of society, the main link of that is the state budget. Exactly by means of the financial system the state forms centralized and affects forming of the decentralized funds of monetary resources, providing possibility of implementation of the functions laid on public organs.

The economic and political reforms conducted in Kazakhstan from the beginning of the ninetieths could not not affect the sphere of public finances, and, first of all, budgetary system also. The state budget, being the main means of mobilization and expense of resources of the state, gives an real opportunity to affect economy, finance her structural alteration, stimulate development of priority sectors of economy, provide social support to the the least protected layers of population to political power.

Keywords: budget, production, taxes, management, market economy, Divident, customs, international trade, patent.

ӘОЖ 336.625

ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

А.Т. Мусабекова – Қазақ инженерлік, қаржы-банк Академиясы магистранты

Мақалада автор қаржы жүйесі және қаржылық саясаттың жүзеге асырылуын ашып көрсетуге тырысқан. Қаржының қоғам және адам өмірінде алатын орны, қажеттіліктерді қамтамасыз етудегі атқаратын рөлі зор. Қаржы саясаты – қаржыны басқарудың мақсаты, оның нақты нәтижесі, өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін мемлекеттің қаржы саласында атқаратын қызметі мен шараларының жиынтығы болып табылады. Мемлекеттің экономикалық саясатының құрамдас бөлігі ретінде қаржы саясаты бюджет, салық, ақша, несие, баға, кеден саясаттарын қамтиды. Ал қаржы саясаты экономикалық және әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың негізгі құралы болып қосалқы рөл атқарады. Сонымен қатар мемлекеттік саясаттың басқа да бағыттарының, атап айтқанда, ұлттық саясат, геосаяси және әскери саясат салаларының да орны маңызды.

Түйін сөздер: Қаржы жүйесі, қаржы саясаты ұғымы, түрлері, экономика, ақша қатынастары, қаржылық қор.

Қазіргі кезеңде әртүрлі қоғамдық-саяси құрылымы бар мемлекеттерде қаржымен қатар басқа экономикалық категориялар – ақша, табыс, өзіндік құн т.б. пайдаланылады. Олардың әрқайсысы өзіне тән қызметті атқарады, сондықтан бұл категориялардың мәні мен маңызы қоғамның дамуы барысында көрініс табады. Осы аталған категориялардың ішінде қаржы айрықша белгілерімен ерекшеленеді.

Қаржының қоғам және адам өмірінде алатын орны, қажеттіліктерді қамтамасыз етудегі атқаратын рөлі өте зор екені белгілі. Қаржы мемлекеттің өркендеуінің материалдық негізі әрі тірегі, сондай-ақ оның міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз етудің қайнар көзі болып саналады. Қаржылық

құралдар арқылы мемлекет елдің экономикалық өсіп-дамуына белсенді, пәрменді түрде ықпалын тигізеді. Бұл жерде қоғамның күнделікті өмірінде, тіптен өндіріс аясында да қаржы көбінесе ақша не қаражат ұғымында қабылданынын айта кету қажет. Ақша құн өлшеу, айналым, айырбас және тағы басқа құралдар ретінде жалпыға бірдей құндылық баламасын көрсетеді.

Жалпы алғанда, қаржы жүйесінің құрамы қаржы қатынастарының әр түрлі салалары мен буындарының жиынтығы болып табылады. Ал осы қатынастар барысында әр түрлі ақша қорлары құрылып, пайдаланылады және бүкіл экономикаға ықпал етеді. Қаржы қатынастарының өзара тығыз байланысты болып табылатын алуан салалары мен буындары елдің бірыңғай қаржылық жүйесін құрайды.

Қаржылық бақылау мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру және бөлу, сондай-ақ, мемлекеттің ақша қаражаттарын пайдаланудың заңды түрде және мақсатқа сәйкес жүргізілуіне бақылау жасайды. Сондықтан қаржылық бақылауды мемлекеттің қаржылық қызметінің бір түрі деп анықтауға болады.

Қаржы ресурстары жалпы ішкі өнім құнының бір бөлігін құрайды. Атап айтқанда, ол мемлекеттің, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және халықтың ақша нысанындағы таза табысты бөлу және қайта бөлу барысында пайда болатын ақшалай қаражаттары. Қаржының атқаратын басты рөлі мемлекетке жүктелген функцияларды орындау, яғни қоғам мен экономика мұқтаждықтарын қанағаттандыру болып саналады. Ал қаржы деп өндіріс пен тұтытуда экономикалық ресурстардың бір түрі ретінде пайдаланылатын ақша қаражаттарын айтуға болады. Өндіріс пен тұтынудың ақшалай нысандағы ресурстары қаржылық ресурстар болып есептеледі. Олар мемлекеттік немесе шаруашылық субъектілердің қарамағында әр түрлі ақша түріндегі табыстардың, аударымдар мен түсімдердің есебінен қалыптасып, қоғамның әлеуметтік және басқа да мұқтаждықтарын қанағаттандыруға пайдаланылады.

Қаржы ақша қаражатының жиынтығы ретінде қаржыландыру терминімен тығыз байланысты болып келеді. Қаржы термині мемлекетті, кәсіпорындарды, кәсіпкерлерді, аумақтарды, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды, қаржылық ресурстармен қамтамасыз етудің қайнар көздерін, көлемін және тәсілдерін білдіреді. Арнайы және дербес экономикалық категория ретінде қаржы бөлу қатынастарын көрсетеді. Нақты бағыттарға арнап ақша бөлу түрінде жүзеге асырылатын қаржыландырудың өзі бөлу болып табылады [1]. Қаржы арқылы экономиканың барлық құрылымдық бөлімдері мен шаруашылықтың әр деңгейінде қоғамдық өнімді қайта бөлу ақшалай табысты мемлекеттік деңгейде бөлу арқылы жүргізіледі және осы жағдайларда туындайтын қатынастар қаржылық қатынастар деп аталады. Ақшаның тауар айырбасында, өзіндік айналымда болуы, қолдан қолға өтуі ақшалай қатынастар түріндегі айрықша нысандағы процестерде көрініс табады. Аталған айрықша нысандағы экономикалық қатынастар қаржы болып саналады. Экономикалық категория ретіндегі қаржының өте маңызды белгілері қаржылық қатынастардың бөлу сипатында болуы нәтижесінде қаржының материалдық негізі өндіріс болып табылады,

өйткені шаруашылық субъектілерінің экономикасы, ақшалай табыстары олардың өнімді өндіруі және оны өткізуі нәтижесінде құралады. Сонымен бірге қаржы сол өндіріс аясына қызмет көрсетеді, яғни өндірістің ұлғаюына, дамуына және құрылымдық өзгеруіне жағдай жасайды. Қаржы аясында мемлекеттің мұқтаждықтарын қанағаттандыруға, әр түрлі меншік нысанына негізделген шаруашылықтарды дамытуға, аумақтар арасындағы экономикалық байланыстарды жүзеге асыруға қажетті ақша қаражаттарын мемлекет қарамағына жұмылдырады. Қаржы негізінде және оның көмегімен шаруашылық қызметтердің нәтижелерін тексеру және бақылау жүзеге асырылады [2].

Қазіргі кезде «қаржы» терминінің мағынасы «ақша» терминімен тығыз байланыста қарастырылады. Сондықтан көптеген жағдайларда азаматтар қаржыны қолда бар немесе құжат түріндегі ақша деп түсінеді. Ал экономистер оны азаматтардың қаржысы, мемлекеттің қаржысы, заңды тұлғалардың қаржысы деп жіктейді. Ал мамандар: тар мағынада «қаржы» тек мемлекет пен заңды тұлғалардың ақша қаражаттарын қамтиды деп түсіндіреді. Арнайы мағынада «қаржыны» мемлекеттік қаржы десек, оның белгілі бір қорларға бөлінетінін, мақсатты бағыты болатынын, пайдалану тәртібі белгіленетін және оларды қалыптастырып, бөлетін органдар болатынын байқаймыз.

Қаржының өзіне тән функциясы – бөлу және бақылау функциясы. Қаржының экономикалық категория ретінде ақшадан айырмашылығы оның тек ақша қаражаттары қорларын құру, бөлу және пайдалануға байланысты ақшалай, яғни экономикалық қатынастардың ерекше аясын көрсететіндігінде. Алайда қаржының бұл сипаттамасы оның толық маңызын айқындай алмайды. Қаржылық ресурстар ұғымында оның мемлекет қарамағында немесе қандай да болмасын меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың ақша қаражаттары қорларының жиынтығы екенін байқаймыз.

Мемлекеттің қаржылық қызметі материалдық және ұйымдастырушылық қатынастарды реттейді. Материалдық қаржылық қатынастар (мысалы, салық қатынастары) ақша қаражаттарының қозғалысы арқылы мемлекеттік ақша қорларын қалыптастыруды іске асырады, ал ұйымдастырушылық қаржылық қатынастар мемлекеттің қаржылық жүйесін, яғни мемлекеттік қаржыны басқару органдары жұмысын реттейді. Қазіргі кезде ерекше сипатқа ие бұл тұжырымды ХІХ ғасырдың атақты ғалымы, профессор С.И. Иловайский: «...қаржылық сипаттағы барлық қатынастар... құқықтық сипатта орын алады», – деп жазған [3]. Қаржылық бақылау жүргізуші, оны жүзеге асырушы органдар жүйесі мәселелері ұйымдастырушылық қатынастарға байланысты болып келеді.

Қаржылық органдар жүйесін, әдетте, қаржы министрлігі басқарады. Қаржы министрлігі қаржылық басқармалар, аумақтардағы қаржылық басқару органдары, қазынашылық қаржыны басқаратын бірыңғай мемлекеттік басқару органдары жүйесі болып табылады. Ұлттық банк басқаратын кредиттік мекемелер, қаржыны жұмылдыруға атсалысатын салық органдары мен кеден мекемелері де қаржылық қызметті жүзеге асырады. Қаржылық қорды басқа ақша қаражатта-

рынан ерекшелендіріп тұратын өзгешелік, олар экономиканы басқарудың қандай да болмасын деңгейінде ақша түріндегі құнның біржақты қозғалысы негізінде құралады. Қаржы күрделі құрылым болғандықтан, бюджеттік құбылыстармен ерекшеленеді. Сондықтан да қаржы категориясы мен қаржы жүйесінің экономикалық мәні кең және бюджет жүйесі қаржы жүйесінің негізгі құрылымдық элементі болады.

Тауар-ақша қатынастары жағдайында өндірістік қорлар мен еңбек ресурстары натуралдық және құндылық нысанында болады. Сондықтан өндіріс нәтижесі осы екі форма арқылы өлшенеді. Қаржылық қатынастар алғашқы рет мемлекеттік кәсіпорындарға өндірістік қор тарату барысында туындайды.

Қаржылық механизмнің негізгі элементтеріне мыналар жатады:

- 1) қаржылық бюджеттік жоспарлау және болжамдау;
- 2) қаржылық ресурстарды тікелей басқару және жан-жақты бағдарлау;
- 3) қаржылық ресурстардың құрылуына, бөлінуіне және пайдаланылуына бақылау жүргізу;
- 4) қаржы мен салықтардың, бюджеттің өндіріске және халықтың әл-ауқаты деңгейіне тигізетін ықпалын анықтау.

Мемлекеттік салықтардың экономикалық мәні – мемлекет қажеттіліктерін қанағаттандыру, қамтамасыз ету мақсатында шаруашылық субъектілерінен немесе жеке тұлғалардан ұлттық табыстың белгіленген мөлшерін алу барысында жүзеге асырылатын өндірістік қатынастардың бір бөлігі болып табылатындығында.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару саласына қаржылық және кредиттік реттеу, ақша эмиссиясы, баға саясатының негіздері, Ұлттық банк, мемлекеттік банктер, мемлекеттік бюджет, жалпы мемлекеттік салықтар және жергілікті салықтар мен алымдар жатады. Қаржылық жүйенің құрамына кіретін ақшалай қорды қалыптастыру, үлестіру және оны пайдалануды ұйымдастыру барысында мемлекет нақты жолдар мен тәсілдерді, қаржылық қызмет әдістерін қолданады.

Қаржы саласындағы мемлекеттік басқару ісіне қатысатын уәкілетті органдардың жүйесі ауқымды, яғни ақшаны басқару органдары мен өкімет органдары жатады [4]. Заң құжаттарында көрсетілгендей, қаржы саласын басқаратын органдар арнайы құзырлы мамандандырылған басқару органдары болып табылады. Олар: Қаржы министрлігі, Ұлттық банк т. б. Ал мемлекеттік басқаруда аталған арнайы құзырлы органдар қатарына өкімет органдары: Парламент, жергілікті Мәслихаттар да қосылады.

Басқару дегеніміз – қандай да болмасын үдерістерді реттеу болып табылады. Басқару белгілі бір ұйымдастырылған құрылымды қалыптастыратын, ішкі билік сатысына, сонымен қатар билік етуге және орындауға негізделген органдар жүйесі. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Парламенті мемлекеттің жоғарғы заң шығарушы және уәкілетті органы ретінде республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есептерді, бюджетке енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды талқылайды; мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгі-

лейді, мемлекеттің қаржылық жүйесін, бюджет және салық жүйелерін айқындап, салық салуға, алымдар мен тағы басқа төлемдерді белгілеуге қатысты негізгі қағидаттар мен нормаларды белгілейтін заңдар шығарады; республикалық бюджеттің атқарылуын қадағалап, бюджеттен тыс қорларға бақылау жүргізеді; республиканың ақша жүйесін белгілеп, мемлекеттік сыртқы және ішкі қарыздары мәселелерін шешеді.

Ал қоғамымыздағы саясат мемлекеттік қызметтің барлық бағыттарын қамтиды. Саяси ықпал жасаудың бірден-бір элементі болып табылатын қоғамдық қатынастар қолданыс саласына қарай экономикалық немесе әлеуметтік, мәдени немесе техникалық, қаржы немесе кредит, ішкі және сыртқы саясат болып жіктеледі. Кез келген қоғамда мемлекет қаржыны өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін пайдаланады. Қойылған мақсаттарды іске асыруда қаржы саясаты маңызды рөл атқарады. Оны жасап, жүзеге асыру барысында қоғам алдында тұрған міндеттерді орындаудың шарттары қамтамасыз етіледі. Ол экономикалық мүдделерге ықпал жасаудың белгілі құралы болып табылады.

Қаржы саясаты – қаржыны басқарудың түпкі мақсаты, оның нақты нәтижесі, өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін мемлекеттің қаржы саласында атқаратын қызметі мен шаралары жиынтығы. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамдас бөлігі болып табылады [5].

Жүргізіліп отырған қаржы саясатының басты субъектісі мемлекет болып табылады. Ол қоғамның ұзақ перспективаға арналған қаржысын дамытудың басты бағыттарының стратегиясын қалыптастырып, алдағы кезеңге арналған міндеттерді белгілейді және оларға қол жеткізу жолдарын қарастырып, жұмсалатын қаражат қорын реттейді.

Мемлекеттің қаржы саясатының мәні – экономикалық заңдардың іс-әрекетін ескере отырып және қоғамның даму міндеттеріне сәйкес қаржыны жоспарлы түрде ұйымдастыруда. Қоғамдық дамудың әрбір кезеңінде қаржы саясатының өзіне тән белгілері болады. Ол экономиканың жай-күйін, қоғамның материалдық және мәдени өмірінің толғағы жеткен қажеттіліктерін және басқа да факторларды ескере отырып, түрлі міндеттерді шешеді.

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны айтарлықтай күрделі болып табылады, өйткені ол алуан түрлі іс-шаралардың ауқымды кешенін және оларды дәйекті түрде жүзеге асыру кезеңдерін қамтиды. Атап айтқанда:

1) экономикалық заңдарды қолдану, экономиканың жай-күйі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму келешегі негізінде елдегі қаржының ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу;

2) экономикалық саясаттың тиісті мақсат-міндеттерін негіздей отырып, қаржы саясатының стратегиялық және тактикалық шараларын тұжырымдау;

3) белгіленген іс-әрекеттерді қаржы механизмі арқылы нақты жүзеге асыру.

Осы аталған негізгі үш буынның бірлігі қаржы саясатының мазмұнын айқындайды. Демек, экономикалық заңдарды қолдануды ескерсек, қоғамды дамыту міндеттеріне байланысты қаржылық тетіктерді дұрыс ұйымдастырып, пайдалану мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны болып табылады [6].

Қазіргі кезде қаржы саясатының көмегімен шешілетін басты міндеттердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. Елдің дамуының әрбір нақты кезеңінің ерекшеліктері негізінде қаржы ресурстарының неғұрлым мүмкін болатын көлемін жасау жағдайларын қамтамасыз ету;

2. Қаржы ресурстарын қоғамдық өндірістің салалары арасында, ұлттық шаруашылық секторлары арасында ұтымды түрде бөлу және пайдалану, ресурстарды белгілі бір мақсаттарға бағыттау;

3. Экономикалық дамудың белгіленген бағыттарын орындау үшін тиісті қаржы механизмін жасап, оны үнемі жетілдіріп отыру.

Елдегі жүргізіліп жатқан реформаларға сай мемлекеттің қаржы саясаты мен қаржы жүйесінің қызметі нарық жағдайында қажетті қаржы ресурстарын жұмылдыруға, оларды толық көлемде әрі уақтылы бюджетке енгізу үшін әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларында қарастырылған шараларды үздіксіз қаржыландыруға, сондай-ақ материалдық, еңбек және ақша қорын мақсатты әрі ұтымды түрде пайдалануға бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл мақсаттар Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуының, қоғамдық өмірдің барлық салаларын қайта құрудың стратегиясын қаржымен қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Мемлекетіміз алдына қойған таяудағы мақсаттар қатарында мемлекеттік бюджет теңгерімділігіне қол жеткізу және экономиканы тұрақтандыру негізінде ұлттық шаруашылықтың қаржылық жағдайын сауықтыру проблемасын шешуді ерекше атап өтуге болады.

Қаржы саясатын жүргізгенде оның келесі қағидаттарын жүзеге асырудың маңызы зор:

- қолда бар нақты қаржы ресурстарын негіздей отырып, бюджеттерді жасау, бекіту және атқару кезінде қоғамдық өндірістің барлық қатысушыларының, әлеуметтік, ұлттық және кәсіби топтардың мүдделерін сақтау;

- қаржылық қатынастардың жоспарлы түрде ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;

- қаржы жүйесінің барлық салалары мен буындарында кірістер мен шығыстардың теңгерімділігін қамтамасыз ету;

- қаржылық қор қалыптастыру;

- мемлекеттік және шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында қаржы ресурстарын оңтайлы үлестіру.

Қаржы саясатының тиімділігін қамтамасыз ететін жалпы қағидаттарға мыналар жатады: объективті экономикалық заңдардың іс-әрекетін есепке алу; нақты тарихи жағдайларды есепке алу; өткен жылдардың өзіндік тәжірибесін және әлемдік тәжірибелерді есепке алу.

Жеке қағидаттарға мыналарды жатқызуға болады:

- қоғамда қаржы жүйесінің ұтымды құрылымын, қаржы қатынастарын жоспарлы ұйымдастыруды және қаржы механизмінің дұрыс құрылуын қамтамасыз ету;

- қаржы жүйесінің барлық салалары мен буындарындағы кірістер мен шығыстардың тепе-теңдігін қамтамасыз ету;
- бюджетте кіріс шығыстан астам болатындай қаржылық қорды қалыптастыру;
- мемлекеттік және шаруашылық жүргізуші субъектілерге арасында қаржы ресурстарын оңтайлы бөлу;
- салық жүйесін ұтымды ұйымдастыру арқылы экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды бағыттарына қаржы ресурстарын шоғырландыру;
- негізгі қаржы ресурстарын мемлекет қарамағына жұмылдыру, оларды мемлекеттік және шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында тиімді түрде бөлу;
- қаржы және несие-ақша саясатының тепе-теңдігі.

Жалпы қаржы саясаты бюджет, салық, ақша, кредит, баға және кеден саясаттарын қамтиды. Өз кезегінде мемлекеттің қаржы саясаты тек оның экономикалық және әлеуметтік саясатын жүзеге асырудың құралы болып келеді, яғни қосалқы рөл атқарады. Сонымен қатар мемлекеттік саясаттың басқа да бағыттарының, атап айтқанда, ұлттық саясат, геосаяси және әскери саясат салаларының да орны маңызды. Осы бес бағыттың жиынтығы мемлекеттік саясатты жүргізудің негізгі құралы болып табылатын қаржы саясатын айқындайды. Қорыта айтқанда, экономикалық дағдарыстан шығу және одан әрі серпінді дамуды мемлекеттің сындарлы және негізгі саясаты арқылы жүзеге асыруға болады.

1 Артеменко В.Г., Беллендир М.В. *Финансовый анализ: Учебное пособие.* – Новосибирск: Изд-во «ДИС», НГАЭиУ, 1997.

2 *Деньги и кредит, банки. Под ред. О.И. Лаврушиной.* – М.: Финансы и статистика, 2000.

3 Иловайский С.И. *Учебник финансового права Пятое издание.* – Одесса, 1912. – 13 б.

4 Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Заң газеті.* – 1997. – 22 қазан.

5 *Финансы. Под ред. В.М. Родионовой.* – М., 1994. – 6-9 бб.

6 Фишер С., Дорбуш Р. *Экономика.* – М.: Экономика, 1995.

Резюме

Мусабекова А.Т. – магистрант Казахской инженерной, финансово-банковской Академии. **Финансовая система и реализация финансовой политики.**

Данная статья посвящена раскрытию понятий финансовой системы и финансовой политики. Финансы играют огромную роль в общественной жизни и в удовлетворении потребностей человека. Финансовая политика есть совокупность достижения целей финансового управления, его конкретных результатов, функций и задач в целом. Являясь одной из составляющих частей государственной экономической политики, финансовая политика также рассматривает политику бюджета, налога, денег, кредитов, цен, таможи. Финансовая политика выступает как основное средство осуществления экономической и социальной политики. Деятельность финансовой

политики обширна, так как тесно связана с другими направлениями государственной политики, такими как национальная политика, геополитика и военная политика.

Ключевые слова: финансовая система, финансовая политика, понятие, экономика, денежные отношения, финансовые ресурсы.

Summary

Musabekova A.T. – master student at the Kazakh engineering Finance and banking Academy. **Financial system and financial policy.**

This article focuses on the concepts and types of disclosure of financial systems, *as well as* its implementation. Financial systems, is one of the branches of the financial activities of the state. To carry out financial activities necessary to create specialized control bodies and to establish a system of such bodies, *as well as* to determine the types, methods and techniques of systems, provide supervisory bodies qualified. The purpose of financial systems, is the formation of scientifically sound financial policies, effective financial mechanism. Financial systems, functions broader monetary sphere, they are closely related to wages, cost of production, income, production equipment, capital costs, and other economic categories. Scope of financial systems, coincides with the scope of the administrative, *legal, social,* technical control. Financial systems is divided into preliminary control and monitoring. One of his most important species is the audit trail.

Keywords: financial systems, as well as its implementation, financial policies, capital costs, economic resours.

УДК 657;311.216;336.717,6

УЧЕТ ЗАТРАТ НА ПРОИЗВОДСТВО И ЕГО РОЛЬ В УПРАВЛЕНИИ ПРЕДПРИЯТИЕМ

Кан Чуңьюй – магистр 1 курса научно-педагогического направления специальности - 6М050800 Учет и аудит КазНПУ имени Абая

Весь бухгалтерский учет, представляя собой важнейшую функцию управления, является управленческим. Однако в западной системе учета управленческим стали называть ту часть бухгалтерского учета, которая связана с отражением и контролем издержек производства. Руководители хотят знать, как бухгалтеры измеряют результаты производственно-хозяйственной деятельности. Кроме того, руководители зачастую зависят от учетных данных при принятии своих решений. Управленческий учет обеспечивает информацией экономическое, технологическое, инновационное и структурное управление предприятием. Содержание управленческого учета определяется целями управления, оно может быть изменено по решению администрации в зависимости от интересов и целей, поставленных перед руководителями внутренних подразделений.

Учет затрат и калькулирование себестоимости продукции – один из важнейших разделов управленческого учета, он является информационной базой для принятия управленческих решений, таких как: выпуск какой продукции продолжать или прекратить; производить или покупать комплектующие детали; какую установить цену на продукцию; покупать ли новое оборудование; менять ли технологию и организацию производства.

Система производственного учета была создана для подготовки и выдачи информации о стоимости произведенных работ, для оценки запасов продукции и определения прибыли. Кроме того, произошедшие в последние годы изменения в отечественной промышленности неизбежно вызывают необходимость стратегически ориентированные программы развития промышленных предприятий дополнять бюджетированием, которое, представляя собой, специфический подход к организации управления, обеспечивает полное участие всех подразделений предприятия в процессах становления комплексных планов дальнейшего развития.

Ключевые слова: Управленческий учет, производственный учет, управленческие решения, производственные затраты, анализ производственной деятельности, центры ответственности, бюджетирование, центры затрат.

К середине XX в. бухгалтерский учет перестал быть только формой счетоводства, хранителем документации. С появлением вычислительной техники, персональных компьютеров возможности бухгалтерской службы расширяются, она не только занимается собственно учетом, но и участвует в планировании деятельности предприятия, принятии управленческих решений и контроле над их выполнением.

40-е годы нынешнего столетия можно отнести к периоду становления и развития нового вида учета – управленческого. Это было связано с увеличением масштаба производственных затрат, обостряющейся конкуренцией в рамках мирового хозяйства, растущей инфляцией, появлением новых методов планирования и анализа производственной деятельности, основанных на построении экономико-математических моделей.

Существуют различные точки зрения по поводу определения сущности управленческого учета. Согласно В.Л. Назаровой, Д.А. Фурсова, С.Д. Фурсовой, управленческий учет – это система информационного обеспечения управления с целью помочь в принятии решений, планировании, контроле и регулировании деятельности. Он включает в себя выявление, измерение, сбор, анализ, подготовку, интерпретацию, передачу и прием информации, необходимой управленческому персоналу для выполнения его функций.

Управленческий учет расширяет финансовый учет, охватывая производственные операции. К данным управленческого учета, предназначенным для руководства фирмы, применяются совершенно иные требования, чем к информации, представленной в финансовой отчетности фирмы и используемой внешними пользователями-инвесторами, кредиторами, другими лицами. Управленческий учет – это система информационной поддержки управления. Характеризуя сущность управленческого учета, можно отметить его важнейшую особенность – управленческий учет связывает процесс управления с учетным процессом.

На наш взгляд управленческий учет – это учет, необходимый руководству, специалистам предприятия для принятия управленческих решений, оперативного реагирования на изменяющиеся условия производства, его материалы могут составлять коммерческую тайну.

Для управленческого учета источниками информации, кроме данных учетной системы предприятия, служат сведения о нормах расхода материальных ресурсов, технологических отходах, исследования о ситуации на рынке, отчеты о исследовательских работах, возможности использования их результатов в существующих условиях производства, размеры штрафных санкций при невыполнении сторонами пунктов хозяйственных договоров и многие другие.

По мнению В.Л. Назаровой управленческий учет можно соответственно назвать внутренним учетом. Объектами управленческого учета являются затраты предприятия и его отдельных структурных подразделений – центров ответственности; результаты хозяйственной деятельности как всего субъекта в целом, так и его отдельных структурных подразделений (центров ответственности); внутреннее ценообразование, предполагающее использование трансфертных цен; бюджетирование, прогнозирование и внутренняя отчетность. Одна из важнейших функций управленческого учета – это калькулирование, то есть система экономических расчетов себестоимости единицы отдельных видов продукции (работ, услуг). На базе выполненных расчетов можно просчитывать различные альтернативные варианты решения одной задачи, выбрать из них оптимальный и оперативно принимать эффективные управленческие решения. На практике принятие решения предполагает сравнительную оценку ряда альтернативных вариантов и выбор из них оптимального. Для этого необходима информация о затратах будущего периода по всем альтернативным вариантам, учитывая и упущенную выгоду.

На базе информации управленческого учета решаются:

1) оперативные задачи:

- определение точки безубыточности;
- планирование выпуска продукции;
- определение структуры продукции;
- отказ или привлечение дополнительных заказов;
- принятие решений по ценообразованию в условиях конкуренции;

2) задачи перспективного характера, имеющие долгосрочное стратегическое значение:

- о капиталовложениях;
- о реструктуризации бизнеса;
- о целесообразности освоения новых видов продукции

Расчеты в управленческом учете сосредоточены, прежде всего, на подразделениях внутри организации, основываются на сочетании первоначальных данных, анализа материалов за прошедший период и прогнозных оценок на будущее.

Поэтому мы считаем, что управленческий учет – это комплекс информации, позволяющий руководителю иметь представление о деятельности своего предприятия. Общими чертами разных подходов к управленческому учету могут быть: наличие собственных объектов учета, например, плановых показателей, анализ в режиме, близком к реальному времени, включение в рассмот-

рение событий, которые еще не произошли, и тех, которые по бухгалтерским документам отражаться не должны.

И.П. Ульянов, Л.В. Попова отмечают, что управленческий учет охватывает информацию, предназначенную исключительно для менеджеров предприятия. Эти авторы отмечают, что производственный учет охватывает ту информацию, которая предназначена для использования внутри предприятия, а управленческий учет выходит за рамки функций и представлений, которые традиционно относятся к бухгалтерскому учету. В управленческом учете количественные оценки производятся не только в тенге или натуральных измерителях (штуках, килограммах, метрах), но и любых других, пригодных для анализа показателей, таких, как норма-час, или человеко-день. Основное назначение управленческого учета состоит в том, чтобы дать руководству предприятия и менеджерам отдельных служб объективную и достоверную информацию о производстве, способствовать выявлению резервов повышения его эффективности, обеспечить анализ затрат и доходов. Информация управленческой бухгалтерии является конфиденциальной и охраняется от конкурентов.

Учет затрат и калькулирование себестоимости продукции – один из важнейших разделов управленческого учета, он является информационной базой для принятия управленческих решений, таких как: выпуск какой продукции продолжать или прекратить; производить или покупать комплектующие детали; какую установить цену на продукцию; покупать ли новое оборудование; менять ли технологию и организацию производства.

Қаржылық есеп берудің тиімділігін арттыру үшін әлемдік экономиканың шеңберінде дамушы елдердің қатарында келе жатқан біздің мемлекет барлық салада да халықаралық стандарттарды қолдануы қажет, бұл біздің елімізді әлем өркениетіне, әлем экономикасына кірігіп, берік орнығуымызға әсер етеді. Халықаралық аренада биік деңгейде көрінуімізге ықпал етеді. Тек сол стандарттарды өз мемлекетіміздің экономикалық ағымына сәйкестендіріп, дұрыс қолдана білу ғана қажет. Сол себепті, аталмыш мақалада кәсіпорынның бухгалтерлік есебіне шолу жасай отырып, қорлар есебін халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына сәйкестендіріп жүргізу тәртібі жан жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттары, тауарлы материалдық қорлар, шикізаттар, материалдар, дайын өнім, шығын, түсім, ФИФО, арнайы сәйкестендіріп есептеу, орташа өзіндік құнды есептеу, нақты құн, өзіндік құн, өткізудің өзіндік құны, ықтимал таза құны.

Он жылдан астам уақыт бұрын бухгалтерлік есепті қаржылық есептің халықаралық стандартына сәйкес жүргізіп, көшіру туралы шешім қабылданған еді. ХЕҚС қабылдау Қазақстан мемлекеті үшін оңай болған жоқ, көптеген қиындықтар кездесті: ХЕҚС көшу туралы мемлекеттік бағдарламалар қабылданды, министрліктер мен ведомстволарға сәйкес материалдар дайындау бойынша тапсырмалар берілді. 2006 жылы ХЕҚС ресми аудармасы пайда болды, ол бірнеше жыл қолданыста болды. Қазіргі уақытта біз 2011 жылы шығарылған ХЕҚС үлгісін пайдаланудамыз.

Кәсіпорындағы тауарлы материалдық қорлардың есебі халықаралық қаржылық есептің № 2 «Қорлар» стандартына сәйкес жүргізіледі және бұл стандартта стандарттың қолданылу аясы, тауарлы материалдық қорлардың өзгерісі, олардың өзіндік құны мен бағасы, шығысты тану, есептілікте көрсету анықталған. Аталмыш стандартты шаруашылық жүргізуші субъектілер ХЕҚС негізінде дайындалған қаржылық есептілікті құру және ашу кезінде қолданады.

№ 2 «Қорлар» ХЕҚС (IAS) сәйкес қор ретінде танылады:

- Қалыпты қызмет барысындағы сатуға арналған қорлар;
- Сату үшін өндірісте тұрған қорлар;
- Қызмет көрсетуге немесе өндірісте пайдалануға арналған материалдар мен шикізат түріндегі қорлар.

Осы анықтаманы негізге ала отырып, тауарлы материалдық қорларды келесі топтарға жіктеуге болады:

- Шикізаттар мен материалдар;
- Дайын өнім;
- Қайта сатуға арналған тауарлар;
- Аяқталмаған өндіріс;
- Басқа да көмекші қорлар.

Өндіріспен айналысатын кәсіпорындар, әдетте, есепте материалдардың төрт тобын ғана қолданады: «Шикізаттар мен материалдар», «Аяқталмаған өндіріс», «Дайын өнім», «Басқа да қорлар».

Кәсіпорындар көп жағдайда қорларды өздерінің қажеттіліктерін қанағат-

тандыру үшін пайдаланады, ал, бұл өз кезегінде сәйкес есепті кезеңде есептен шығару үшін оларды активті шотта есепке алу қажеттілігін туындатады, тіпті жоспарлы түгендеу жүргізуге себепші болады. Мысал ретінде сирек және қымбат бағаға сатып алынатын кеңсе жабдықтарын айтуға болады. Бұл жағдайда, қорлар «Басқа да қорлар» сәйкес активті шоттарында есепке алынады.

Бухгалтерлік есепте қорлармен байланысты екі мәселе бар:

- Қорлардың есебі;
- Қорларды бағалау.

Әрқайсысын жеке қарастырып көрейік.

Қорлар, басқа да кез келген актив сияқты, танудың тек төмендегідей белгілері болғанда ғана есепке алынады:

- Аталмыш актив бойынша болашақта экономикалық олжа алу мүмкіндігі;
- Есеп объектісін өндіру немесе сатып алу кезіндегі нақты шығындарды бағалау мүмкіндігі.

Экономикалық олжа орын алады, егер:

- Қорларды сату ұйғарылса және бұл жағдайда пайда қорларды өткізуден түскен табыс болып табылса;

• Шикізаттар мен материалдар, сонымен қатар, дайын өнім өндірісі бойынша шығындарды қалыптастыруға арналған аяқталмаған өндіріс активтері, бұл жағдайда кәсіпорын пайдасы болашақта дайын өнімді өткізуден түскен түсім болып табылады;

• Қорлар басқа активтерге айырбастау немесе субъектінің міндеттемелерін өтеу үшін қолданылуы мүмкін, бұл жағдайда пайда нақты ақша қаржыларын үнемдеу, міндеттемелердің азаюы немесе басқа активтердің келіп түсуі болып табылады.

• Қорлар, сонымен қатар, дивидент ретінде төлем жасау үшін де қолданылуы мүмкін және т.б.

Дегенмен де қорлардың сипаты мен қолдану бағыты әртүрлі; олардың бір категориясы сатуға арналған (мысалы, тауарлар мен дайын өнім), қорлардың басқа бөлігі өндіріске арналған (мысалы, шикізаттар мен материалдар), қорлардың кейбір түрлері күрделі шығындарға арналған (мысалы, шаруашылық тәсілмен құрылыс салуға бағытталған құрылыс материалдары).

Егер кәсіпорын қорларды сатып алуда шығынға ұшыраса және аталмыш қорларды пайдаланып немесе өткізе алмаса (мысалы, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен немесе бұзылған қорлар, қорлар ұрланса), онда бұл шығындар есепте басқа да шығыстар ретінде бейнеленеді.

Қорларды алғашқы тану кезінде төмендегілерді анықтап алу қажет:

- Қорлардың есепте көрсетілетін құны;
- Қорларды есепте көрсету уақыты.

Қорларды алғашқы тану өзіндік құны бойынша анықталады, өзіндік құнға қорлардың ағымдағы жай күйі мен орналасқан жеріне келтіруді қамтамасыз етуге бағытталған сатып алу шығыны, қайта өңдеу және басқа да шығындар кіреді.

Қорлардың өзіндік құнына келесі шығындар кірмейді:

- Материалдардың, жұмыс күшінің және басқа да жоспарланбаған өндірістік шығыстар бойынша мөлшерден артық (яғни кәсіпорынмен бекітілген шығындар мөлшерінен жоғары шығындар) шығындар;

- Егер технологиялық үрдіспен сақтау қарастырылмаса, онда өндірістік циклдің жекелеген кезеңдері арасындағы қорларды сақтау шығындары;

- Дайын өнімді өндіру қалдықтарының қайтарылуы;

- Жалпы және әкімшілік шығыстар;

- Өткізумен байланысты шығындар.

Ал қорларды есепке алу уақыты төмендегідей:

- Сатып алынған тауарға меншік құқығы көшкен кезде немесе

- Оларды нақты алған уақытында.

ХЕҚС (IAS) 18 «Түсім» бойынша тауарды сатудан түскен түсім төмендегі шарттар толықтай қанағаттандырылған кезде ғана түсім ретінде танылады:

- Компания тауарды иеленумен байланысты сатып алушыға болмашы тәуекелділік пен сыйақыны аударған кезде;

- Компания сатылған тауар бойынша иелену құқы бар кездегі басқаруға қатыспаған жағдайда және сатылған тауарларды бақыламаса;

- Түсім сомасы сенімді өлшенсе;

- Келісімге байланысты компанияға экономикалық олжаның келу ағымының туындауы мүмкін болса;

- Келісімге байланысты күтілетін немесе болған шығындар сенімді түрде өлшенген болса.

Бұдан шығатын қорытынды, егер сатушы үшін тауарды сату шарты орындалатын болса, онда сатып алушы үшін де аталмыш шарттар сатып алынған тауарды тану белгілері болып табылады. Сәйкесінше, сатып алушы қорларды тануды есепте көрсетеді, егерде:

- Қорларды иеленуге байланысты болмашы тәуекел мен сыйақы оған аударылған болса;

- Сатып алынған тауарды басқара алатын болса;

- Тауарды иелену бойынша компанияға келетін экономикалық олжа ағымының туындау мүмкіндігі болса;

- Сатып алынған тауардың құны сенімді бағаланған болса.

Салық кодексінің 237 бабында 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап өткізу бойынша айналымды жүргізу мен тауарды сатып алушыларға жеткізу уақыты нақты көрсетілген.

Кәсіпорында қорларды бағалаудың басты міндеті есепті кезеңде (өткізудің өзіндік құны) қорлардың өткізілген көлемін және есепті кезеңнің соңында қанша қор қалғандығын анықтау болып табылады. Қорларды бағалаудың жалпы қабылданған келесі әдістері бар:

- Арнайы сәйкестендіріп есептеу әдісі;

- Алғашқы сатып алу бағасы бойынша бағалау әдісі (ФИФО);

- Орташа өзіндік құнды өлшеу әдісі.

Арнайы сәйкестендіріп есептеу әдісі – арнайы тапсырыстар мен жобаларға арналған өзара алмастыруға келмейтін тауарлар мен қызметтер болып табылатын қор бірлігінің өзіндік құнын есептеу.

ФИФО (FIFO first-in first-out) әдісі – алғашқы сатып алу бағасы бойынша өзіндік құнын анықтау. ФИФО әдісі, әдетте, тұрақты баға мен бір өндірістік циклде қорлар айналымының жоғары жылдамдығында қолданылады.

Орташа өзіндік құнды өлшеу (average cost method) әдісі – есепті кезеңде есептелетін қорлардың әрбір бірлігі аталмыш кезеңде біркелкі орташа құнға негізделіп есептеу әдісі. Аталмыш әдіс көтерме сауда операцияларын жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін тиімді.

$$\text{Орташа өзіндік құн} = \frac{\text{есепті кезеңнің басындағы қор құны} + \text{келіп түскен қор құны}}{\text{есепті кезеңнің басындағы қор саны} + \text{келіп түскен қор саны}}$$

Кәсіпорын құрамы мен пайдалану тәсілі ұқсас барлық қорлар үшін өзіндік құнды есептеудің бір ғана әдісін қолдануы қажет. Осы әдістер бойынша қорларды бағалауды нақты мысал түрінде қарастырып көрейік.

Кәсіпорын жыл көлемінде келесі қорларды сатып алды:

	Бірлік саны, дана	Қордың бірлік бағасы, тенге	Жалпы құны, тенге
20 қаңтар	250	3 720	930 000
5 наурыз	150	4 650	697 000
25 маусым	320	5 580	1 785 600
20 қараша	250	5 952	1 488 000
барлығы	970		4 900 600

Түгендеу нәтижесі бойынша есепті кезеңнің соңында қоймада 260 қор бірлігі қалды, қорларды өткізуден түскен табыс есепті кезеңде 3 920 480 тг.

ФИФО әдісі:

1. Өткізуден түскен табыс - 3 920 480 тг;
2. Өткізуге дайын қордың өзіндік құны - 4 900 600 тенге;
3. Есепті кезең соңындағы қорлар - $250 \times 5 952$ тг = 1 488 000 тг, $10 \times 5 580$ тг = 55 800 тг ;

Барлығы – 1 543 800 тг.

4. Өткізілген қордың өзіндік құны - 3 356 800 тг;

5. Өткізуден жалпы табыс – 563 680 тг.

Орташа өзіндік құнды өлшеу әдісі:

1. Қор бірлігінің орташа құны – $(4 900 600 \text{ тг} \div 970) = 5 052$ тг
2. Өткізуден түскен табыс - 3 920 480 тг;
3. Өткізуге дайын қордың өзіндік құны - 4 900 600 тенге;
4. Есепті кезең соңындағы қорлар - $260 \times 5 052 = 1 313 520$ тг ;
5. Өткізілген қордың өзіндік құны - $3 586 920$ тг $((970 - 260) \times 5 052 \text{ тг})$;
6. Өткізуден жалпы табыс – 333 560 тг.

Арнайы сәйкестендіріп есептеу әдісі:

Есепті кезең соңындағы түгендеу мәліметтері бойынша қоймада 260 қор бірлігі қалды, оның 25 бірлігі екінші партиядан, 55 бірлігі үшінші партиядан, 180 бірлігі төртінші партиядан.

1. Өткізуден түскен табыс - 3 920 480 тг;
2. Өткізуге дайын қордың өзіндік құны - 4 900 600 тенге;
3. Есепті кезең соңындағы қорлар – $25 \times 4\,650 \text{ тг} = 116\,250 \text{ тг}$; $55 \times 5\,580 \text{ тг} = 306\,900 \text{ тг}$; $180 \times 5\,952 \text{ тг} = 1\,071\,360 \text{ тг}$. Барлығы – 1 494 510 тг.
4. Өткізілген қордың өзіндік құны - 3 406 090 тг;
5. Өткізуден жалпы табыс – 514 390 тг.

Қорлардың өзіндік құнын бағалау әдістерін салыстыру (тенге):

	ФИФО	Орташа өзіндік құнды есептеу	Арнайы сәйкестендіріп есептеу
Өткізуден табыс	3 920 480,0	3 920 480,0	3 920 480,0
Өткізуге дайын қордың өзіндік құны	4 900 600,0	4 900 600,0	4 900 600,0
Есепті кезең соңындағы қорлар	1 543 800,0	1 313 520,0	1 494 510,0
Өткізілген қордың өзіндік құны	3 356 800,0	3 586 920,0	3 406 090,0
Өткізуден жалпы табыс	563 680,0	333 560,0	514 390,0

Кесте мәліметтерінен көрініп тұрғандай, соңғы келіп түскен қорлардың құны жоғары болған сайын, кәсіпорынның жалпы табысының көлемі де ұлғаяды. Арнайы сәйкестендіріп есептеу әдісі нақты шығындарға негізделеді, ал, қалған екі әдіс өзіндік құнның қозғалысы туралы ақпаратты болжауға бағытталды. Сондықтан, бағалау әдісін таңдап алу бағаның бір бағыттағы (бағаның көтерілуі немесе төмендеуі) ұзақ уақыт тербеліс кезеңінде маңызды мәнге ие болады.

Төменде екі әдісті пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері кесте түрінде көрсетілген.

Әдіс түрлері	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Орташа өзіндік құнды өлшеу	- қолдануда қарапайым; - бухгалтерия персоналының жоғары біліктілігін талап етпейді; - баға тербелісін оңтайландырады.	- бағаның жоғары тербелісінде қолдануға жарамсыз.
ФИФО	- инфляция кезеңінде табысқа жоғары баға береді; - баланста көрсетілген қорлар-	- пайда көрсеткіштеріне экономикалық даму циклінің әсері жоғарылайды.

	дың қалдық құны ағымдағы нарықтық құнға жақын; - қорлар құнын есептен шығару олардың нақты пайдаланылуымен сәйкес келеді.	
--	--	--

2 «Қорлар» ХЕҚС (IAS) 9 тарауға сәйкес қаржылық есептілікті құру кезінде қорлар ең кемі екі деңгей бойынша: өткізудің өзіндік құны мен ықтимал таза құнында өлшенуі тиіс. Яғни, кәсіпорын төменгі баға тәртібі бойынша қаржылық есептілікте қорларды көрсетуі тиіс.

1. 2 «Қорлар» Қаржылық есептің халықаралық стандарты (IAS);
2. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» ҚР Заңы;
3. Журнал «Учет и аудит Казахстана». № 1 (79) январь 2014 г.;
4. Журнал «Бухучет на практике». №6 (127), июнь 2014 г.

Резюме

Ерғали Д.Е. – магистрант КазНПУ имени Абая, специальности 6М05800 - «Учет и аудит». **Учет товарно-материальных запасов на предприятии в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности.**

В данной статье рассматриваются вопросы оценки и учета ТМЗ в соответствии с МСФО 2.

Актуальность рассматриваемого вопроса обусловлена тем, что запасы являются одним из важных частей деятельности каждого предприятия и для эффективного использования материальных запасов необходимо ведение качественного учета в этой сфере.

Учет и отражение в финансовой отчетности результатов использования запасов в соответствии с МСФО, позволят повысить качество и эффективность предоставляемой бухгалтерской информации, что способствует росту уровня деятельности предприятий и их позиционированию на международной арене. Статья содержит краткий обзор порядка ведения учета материальных запасов на предприятии в рамках МСФО.

Ключевые слова: международные стандарты финансовой отчетности, товарно-материальные запасы, сырье, материалы, готовая продукция, расход, приход, ФИФО, расчет специально идентификационный расчет, расчет средней себестоимости, себестоимость, себестоимость реализаций, возможная чистая стоимость.

Summary

Yergali D.E. – Master of 1 course of scientific and pedagogical direction specialty - 6M050800 Accounting and Auditing. **Keeping records Inventories at the company in accordance with international financial reporting standards.**

This article discusses the problem of accounting and inventory valuation in accordance with IFRS 2. As we all know, in the manufacturing to produce the finished product we need the Inventories. To enter the accounting of inventories in accordance with IFRS is an urgent problem.

The relevance of this article is reporting in accordance with international standards, including the right financial clearance accounting for several evaluation methods.

To improve the efficiency of the financial statements in the developing world, our state must necessarily take financial reporting standards. This gives us gain international status the international arena. We need to make proper use of these standards to more effective for us aside.

Keywords: international financial reporting standards, inventories, raw materials, finished products, fuel, parish, FIFO, the calculation of specially identification calculation, the calculation of the average cost, cost, cost implementations net realizable value.

УДК 330.142.211

ОЦЕНКА СТОИМОСТИ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ

Д.Е. Усенова – магистрант специальности «Финансы» КазАТиСО

Финансово-экономическая оценка инвестиционных проектов занимает центральное место в процессе обоснования и выбора возможных вариантов инвестирования в операции с реальными активами. В значительной степени она основывается на проектном анализе. В статье рассмотрены вопросы оценки эффективности инвестиционных проектов.

Для любой компании важна разумная и целенаправленная инвестиционная деятельность. Вложения денежных средств в реализацию различных проектов несут в себе задачу достижения определенных целей в зависимости от проводимой компанией политики. Цели могут быть самыми различными: повышение рентабельности производственного процесса, расширение или модернизация производства, увеличение доли рынка, технологический прорыв и т.д.

Инвестиционный проект – это процесс осуществления комплекса взаимосвязанных действий, направленных на достижение определенных финансовых, экономических, социальных, инфраструктурных и в некоторых случаях политических результатов.

Ключевые слова: Оценка, инвестиционный проект, оценка проекта.

Интеграционные процессы, происходящие на данный момент во всем мире, требуют от всех экономистов принятия и использования в своей практике международных стандартов, терминов и понятий, которые используются в области знаний и ведения бизнеса. Этому должны соответствовать и казахстанские специалисты. На данный момент актуальна проблема понятийного аппарата, по базовым терминам и определениям в области оценки, инвестиционного анализа, финансового менеджмента. В свете происходящего мы должны принять те международные понятия терминов и определений, которые позволят казахстанским специалистам в области экономики, финансов и финансового анализа быть понятым его иностранными специалистами в этой сфере, кредитором, инвестором и т. д.

В этой статье мы рассмотрим основные понятия, которые используются в наших казахстанских источниках и литературе, такие как: оценка стоимости бизнеса компании, оценка стоимости имущества компании, оценка стоимости

акционерного (собственного) капитала компании, определение капитализации компании.

При оценке проектов в первую очередь необходимо учитывать такое понятие как «проект». В соответствии с международным стандартом по управлению проектами РМВОК 2004 проект определяется как «ограниченное по времени предприятие, предназначенное для создания уникального продукта, услуги или результата». По определению Мирового банка, проект – это комплекс взаимосвязанных мероприятий, действий, ориентированных на достижение неповторяющейся цели и результата в течение заданного ограниченного периода времени при установленном бюджете, представляющий собой однократную деятельность.

Основными характеристиками и параметрами проекта являются: жизненный цикл проекта, участники проекта, стоимость проекта, результат (цель) проекта, эффективность и эффект проекта. Из всех этих понятий проектов выделим инвестиционные проекты, связанные с развитием отраслей и предприятий реального сектора экономики (и прежде всего инновационной его части) и требующие для своей реализации осуществления инвестиций. Понятие инвестиций рассматриваются в литературе по-разному, хотя большинство из них сходятся на понятии как под инвестициями вложения свободных денежных средств в различные активы с целью получения долгосрочных доходов в будущем.

Понятие жизненного цикла инвестиционного проекта является определяющим при оценке эффективности инвестиционного проекта. В зависимости от того, на какой стадии жизненного цикла проекта, кем и с какой целью проводится его оценка, зависит выбор вида денежного потока и обоснование ставки дисконтирования. Большинство оценщиков, не практикующих в области оценки проектов, игнорируют международные стандарты управления проектами, понятие и структуру жизненного цикла проекта, не учитывают особенности каждой фазы, стадии проекта при оценке и, возможно, поэтому не видят тесной связи оценки бизнеса с оценкой проектов.

В жизненном цикле проекта в соответствии с РМВОК 2004 выделяются фазы: начальная, промежуточная и финальная. Эти фазы характерны как для уже отобранных для реализации проектов, так и для иницилируемых, и для разных проектов могут иметь разное наполнение. Оценка проекта должна быть привязана к стадии проекта.

В отечественной практике для целей оценки проекта рекомендуется [3] использовать следующее деление на фазы (стадии): преинвестиционная (включающая стадию организации финансирования); инвестиционная, которая может быть составляющей стадией реализации проекта; стадия завершения (выхода) из проекта. На каждой из этих фаз (или стадий) аналитик или оценщик располагает разным объемом, полнотой и качеством исходной информации для оценки эффективности проекта.

Особенности каждой фазы, которые необходимо учитывать при оценке

проекта и обосновании его эффективности, приведены в таблице 1. Различают [3,6] следующие виды эффективности:

- эффективность проекта в целом (называемая в проекте 3-ей редакции Методических рекомендаций общественной эффективностью проекта);
- эффективность участия в проекте (называемая в проекте 3-ей редакции Методических рекомендаций коммерческой эффективностью участия в проекте).

Под эффективностью проекта в целом [3] понимается эффективность проекта, реализуемого единственным участником как бы за счет собственных средств. По этой причине показатели эффективности определяются на основании денежных потоков только от инвестиционной и операционной деятельности.

Некоторые авторы называют такую постановку задачи оценкой проекта «в чистом поле», подчеркивая тем самым отсутствие данных об источниках и инструментах финансирования и предприятия – исполнителе проекта.

Под стоимостью капитала понимается доход, который должны принести инвестиции для того, чтобы они себя оправдали с точки зрения инвестора. Стоимость капитала выражается в виде процентной ставки (или доли единицы) от суммы капитала, вложенного в какой-либо бизнес, которую следует заплатить инвестору в течение года за использование его капитала. Инвестором может быть кредитор, собственник предприятия или само предприятие. В последнем случае предприятие инвестирует собственный капитал, который образовался за период, предшествующий новым капитальным вложениям и следовательно принадлежит собственникам предприятия. В любом случае за использование капитала надо платить и мерой этого платежа выступает стоимость капитала. Обычно считается, что стоимость капитала – это альтернативная стоимость, иначе говоря, доход, который ожидают получить инвесторы от альтернативных возможностей вложения капитала при неизменной величине риска. В самом деле, если компания хочет получить средства, то она должна обеспечить доход на них как минимум равный величине дохода, которую могут принести инвесторам альтернативные возможности вложения капитала. Основная область применения стоимости капитала – оценка экономической эффективности инвестиций.

1. *Дженстер П., Хасси Д. Анализ сильных и слабых сторон компании. Определение стратегических возможностей. - М.: ИД Вильяме, 2003. - 368 с.*

2. *Абрамов С.И. Управление инвестициями в основной капитал. - М.: Издательство "Экзамен", 2002.- 544 с.*

3. *Айнбиндер Г., Бурлацкий А., Головина К. Роль корпоративного управления в повышении капитализации компании. // Управление компанией, 2003. № 2. - С. 15-18.*

Түйін

**Усенова Д.Е. – ҚазКӘҚ-дың «Қаржы» мамандығының магистранты.
Инвестициялық жобалар тиімділігінің құнын бағалау.**

Мақалада инвестициялық жобаларды тиімділігін бағалау әдістері сұрақтары қарастырылған. Инвестицияға анықтама берген кезде оның тек мағыналық сипатына ғана көңіл бөлмей, мақсатты түрде бағытталуын да көрсету маңызды. Осы тұрғыдан қарағанда, инвестициялар жалпы ұлттық өнім өндірісіне жұмсалатын табыстардың маңызды бөлігін құрайтын жаңа технологияны, материалдарды және басқа да еңбек құралдарын енгізумен байланысты өндірісті кеңейту және жұмыс жағдайын жақсарту мақсатында жұмсалатын қаражаттардың активтерге салынуы болып табылады.

Инвестициялық жобалауды ұйымдастыру инвестициялық іс әрекетті жүзеге асыру барысында тиімді әдіс болмақ. Сонымен қатар бұл инвестицияның нақты бір түрін тандамайды, яғни бұл құрылыс объектісі немесе кішігірім наубайхана болуы да мүмкін.

Жобалау әдісі әлемдік тәжірибеде инвестициялау процесінің жақсартылған түрі болмақ.

Инвестициялық жобаның рөлі өте жоғары болмақ, себебі дұрыс есептелініп жасалған жоба салынған капиталдың тиімділігін білдіреді.

Түйін сөздер: бағалау, инвестициялық жоба, жобаны бағалау.

Summary

Usenova D.E. – undergraduate degree in Finance Kazakh Academy of labour and social relations. **Estimating the cost of investment projects.**

Financial and economic evaluation of investment projects is central to the process of study and choices of investment in operations with real assets. To a large extent it is based on the analysis of the project. The questions assess the effectiveness of investment projects.

Important for any company sensible and purposeful investment activity. Investing money in various projects carry a problem to achieve certain goals depending on the policy pursued by the company. Objectives can be very different: improved profitability of the production process, expansion or modernization of production, increase market share, technological breakthrough, etc.

Investment project - is the process of implementation of a set of interrelated activities aimed at achieving certain financial, economic, social, infrastructure, and in some cases political results.

Keywords: the rating. Investment project. Evaluation of the project.

МЕТОДИЧЕСКИЕ ПРИЕМЫ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МЕТОДИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

ӘОЖ 330.34

«ҚАРЖЫ» ПӘНІНЕН СЕМИНАР САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қ.У. Қошқарбаев – *э.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры,*
Л.К. Маткаримова – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы*

Семинар сабағын өткізу барысында студенттердің білімі бағаланады, сондықтан оқытудың бұл түрі маңызды болып табылады. Оң тәжіриже алу үшін студенттерді оқытудың бұл түріне немесе басқа да түрлеріне қызығушылықтарын арттыру керек.

Семинар – бұл оқытудың бір түрі, мұнда теория міндетті түрде тәжірибеге сүйенеді, яғни теорияның тәжірибемен ұштасуы. Бұл сабақ студенттердің есте сақтауы мен білімдерінің максималды тиімділігі негізінде қалыптасқан. Семинар сөзі латынның *seminarium* – бағбан (рассадник) сөзінен шыққан.

Семинар сабағын оқытудың мақсаты – жүйелендіру, теориялық білімдерін тереңдету мен бекіту, сондай-ақ ұйымдар мен қаржыларды басқаруда білімдерін кеңейту және өзіндік жұмыс істеуді ойлау қабілеттерін дамыту мен зерттеу әдістемесін меңгеру.

Семинар сабағын жүргізу үрдісінде студенттер арнайы және кезеңдік әдебиеттерді, статистикалық мәліметтерді тереңдете оқиды, теориялық материалдарды қолдануға және оларды жан-жақты талдауға үйренеді.

Семинар сабағы оқытудың тиімді түрі болу үшін, біршама шарттарды орындаулары және сабақты дұрыс ұйымдастыру қажет. Бұл үшін алдымен семинарды дайындау қажет, яғни семинар сабағын жүргізудің концепциясы болуға тиіс. Онда семинар сабағының мақсаты, тақырыптардың анықтамалары, түрлері, ұзақтығы және де жалпы ақпараттық, мазмұнды бағыты көрсетілуі тиіс.

Түйін сөздер: Семинар, өндіріс, глоссарилер, кроссвордтар, блок-схемлар, эссе, реферат, дөңгелек стөл, викториналар, конференциялар, презентация, демонстрация, иллюстрация.

Семинар (практикалық) сабағы оқыту үрдісінде маңызды орын алады. Семинар сабағын оқытудың мақсаты ғылыми білімді тереңдетуге, арнайы талаптары мен қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Семинар сабағын өткізу барысында студенттердің білімі бағаланады, сондықтан оқытудың бұл түрі маңызды болып табылады. Оң тәжіриже алу үшін студенттерді оқытудың бұл түріне немесе басқа да түрлеріне қызығушылықтарын арттыру керек.

Жоғары білікті экономистерді дайындаудың маңызды шарты болып практикалық сабақтарды жүргізу және дұрыс ұйымдастыру табылады.

Семинар – бұл оқытудың бір түрі, мұнда теория міндетті түрде тәжірибеге сүйенеді, яғни теорияның тәжірибемен ұштасуы. Бұл сабақ студенттердің есте сақтауы мен білімдерінің максималды тиімділігі негізінде қалыптасқан. Семинар сөзі латынның *seminarium* – бағбан (рассадник) сөзінен шыққан.

Семинар сабағын оқытудың мақсаты – жүйелендіру, теориялық білімдерін тереңдету мен бекіту, сондай-ақ ұйымдар мен қаржыларды басқаруда білімдерін кеңейту және өзіндік жұмыс істеуді ойлау қабілеттерін дамыту мен зерттеу әдістемесін меңгеру.

Семинар сабағын жүргізу үрдісінде студенттер арнайы және кезеңдік әдебиеттерді, статистикалық мәліметтерді тереңдете оқиды, теориялық материалдарды қолдануға және оларды жан-жақты талдауға үйренеді.

Семинар сабағы оқытудың тиімді түрі болу үшін, біршама шарттарды орындаулары және сабақты дұрыс ұйымдастыру қажет. Бұл үшін алдымен семинарды дайындау қажет, яғни семинар сабағын жүргізудің концепциясы болуға тиіс. Онда семинар сабағының мақсаты, тақырыптардың анықтамалары, түрлері, ұзақтығы және де жалпы ақпараттық, мазмұнды бағыты көрсетілуі тиіс.

Семинарды жүргізуді кәсіби ұйымдастыру келесідей тапсырмаларды шешуге арналған:

– Сөз алушыға – тәжірибесімен бөлісу, сондай-ақ кері байланыс, яғни тақырыпқа пікір білдіру (комментарии) мен материалды меңгеруге көз жеткізу.

– Тыңдаушыға – семинарды жүргізу кезінде туындаған сұрақтарына жауап алу, тақырыпты талқылау.

Семинар сабағын жүргізу мен ұйымдастыру белгілі бір қағидаларға сәйкес бағаланады. Оларға келесілер жатады:

1. Қол жетімділік – оқыту студенттердің мүмкіндік деңгейіне сәйкес құрастырылу керек, яғни олар физикалық, интеллектуалдық және моральдық қысым көрмеулері тиіс.

2. Жүйелілік, бір тұтастық – оқу материалдарының логикалық байланысы, өткен материалдарға жүгіну.

3. Өмірмен байланысы – алған білімдерін болашақ жұмыстары мен өмірлерінде теориялық және практикалық жолмен ұштастырулары.

4. Таратушылық – студенттердің материалдарды дұрыс қабылдаулары үшін арнайы құралдармен қамтамасыз ету (көру арқылы, тыңдау арқылы және т.б.).

Семинар сабағын жүргізу оқытудың әр түрлі тәсілдерін қолдануды қарастырады:

– ауызша: баяндау, әңгімелесу, түсіндіру, ақпарат беру, баяндама, эссе, реферат;

– тарататын: иллюстрация, демонстрация, презентация;

– жазбаша: глоссарилер, кроссвордтар, блок-схемлар, кесте құрастыру, мәліметерді талдау;

– практикалық: жазбаша және ауызша сұрау, еркін сұрау, стандарттық сұрау, тестілеу.

– ойын ойнату: іскерлік және рөлдік ойындар, тренингтер, блиц-сұрау;

– өзіндік зерттеу жұмысы: оқулықпен, қосымша және арнайы әдебиеттермен және электронды ресурстармен жұмыс;

– ұйымдастырушылық: дөңгелек стөл, викториналар, конференциялар.

Оқытудың әдістері

Баяндау – мәтіннің кішкене көлеміне қатысты ауызша ақпарат берудің түрі.

Әңгімелесу – соңғы мәлімдеме алу мақсатында тақырыптық диалогты жүргізуге бағытталған әдіс.

Түсіндіру – нақты материалдарды беруге бағытталған, теориялық сипатқа ие. Бұл әдіс талдау, есеп айырысу, дәлелдемелерге сүйенеді. Түсіндіру – оқылатын объектінің мәнін ашудан құралатын ғылыми зерттеу қызметі. .

Ақпарат беру – бұл ақпараттың материалдық түрі.

Баяндама – нақты сұрақ бойынша аудиторияға арнайы ақпарат беру, сұрақтың мазмұнын ашатын немесе осы тақырып бойынша зерттеу жүргізгендігін дәлелдейтін жазбаша құжаттың ерекше түрі. *Баяндаманың мақсаты* – белгілі тақырып бойынша ақпарат беру.

Эссе – белгілі бір тақырып бойынша еркін түрдегі пікір келтіру. Негізгі мақсаты – өзінің көзқарасын аргументтер келтіріп, дәлелдей білу. Эссенің құрылымы, әдетте, кіріспеден, негізгі бөліктен және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, тақырыпқа байланысты пікірлердің айырмашылықтары қарастырылады. Негізгі бөлімде автор аргументтер келтіріп, өз пікірін (пайымдауын) білдіруге пайдаланылатын негізгі ұғымдарға анықтама береді; кейбір жағдайда қарама-қайшы келетін пайымдаулар да келтірілуі мүмкін (мұнда, басқалардың пікірі неге әлсіз, автордың пікірі неге өз күшінде қалатындығына дәлел болуы керек). Қорытындыда резюме (пікір) ретінде бір – екі сөйлем келтіріледі.

Реферат (немістің *Referat*, латынның *refere* – баяндау, ақпарат беру сөзінен шыққан) – белгілі бір тақырып бойынша бір немесе бірнеше ақпарат көздерінен жинақталған ақпарат бойынша жазбаша мәлімдеме беру. Кез келген реферат тек қана жазбаша болмайды, сондай-ақ ауызша қорғауды және ұсынылған тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді талап етеді.

Реферат жазу барысында студенттер оқытушылардың жетекшілігімен өз білімдерін жетілдіруге талпынады. Реферат жазар кезінде оқытушылар студенттерге осы тақырыпқа қатысты материалдарды қандай әдебиеттерден іздеу қажет екендігіне кеңес береді.

Тарататын:

- **Иллюстрация** (латынның *Illustratio* – көрсету, қарайтын материалдар сөзінен шыққан) – оның негізі визуализацияға, сурет немесе басқа да жұмыстарға бағытталған.

- **Демонстрация** – қарайтын құралдарды пайдалану арқылы семинар сабағын өткізудің ерекше түрі.

- **Презентация** – ағылшынның «to present» – бір нәрсені көрсету сөзінен шыққан. Презентация – бұл ауқымды да көлемді жұмысты қысқа да түсінікті түрде және қызықты (!) етіп көрсету. Жақсы презентация жасау үшін нақты бір тақырыпты тандап алу керек, оны өндеп (немесе түрлі көздерден бір құрылымдылығы композиция жасау, яғни бір жүйеге келтіру) және ауызша нысанда

көпшілік алдына шығару керек. Презентацияның сценирі ретінде барлық дерек көздерден алынатын ақпараттарды пайдалану қажет; олардың негізінде жинақталған материалдар жазбаша түрде форматқа түсірілуі керек (түрлі кестелер ретінде, қабылдауға ыңғайлы сызба түрінде болуы мүмкін). Жұмыстың соңғы нәтижесі ауызша айтып берумен қорытындыланады.

Жазбаша:

- **Глоссарий** (латынның *glossarium* – «жинау» сөзінен шыққан) – белгілі бір салаға қатысты кең қамтылмаған терминдер сөздігі.

- **Кроссворд** (ағыл. *Crossword* – сөздердің қиылысуы). Біздің жағдайда бұл – ойын – тапсырма. Келтірілген сұрақ бойынша бос шақпақтар (клеткалар) қиылысу арқылы толтырылады.

- **Блок-схема** – берілген тақырыпқа байланысты материалды зерделеу негізінде кестелік-графикалық түрдегі қысқаша ақпаратты таныстыру.

- **Кесте құрсытыру** – мәліметтерді беру тәсілі, яғни ұйымдардың құрылымдық мәліметтерінің жеке элементтердің бағандарды берілуі.

- **Мәліметтерді талдау** – мәліметтерді талдау бойынша білімді алудың жалпы әдістерін зерттеу және құрастырумен айналысатын сала. Қажетті ақпараттарды жинақтау мен шешім қабылдау мақсатында мәліметтерді зерттеу, фильтрация және модельдеу үрдісі. Мәліметтерді талдау көптеген аспектілер мен тәсілдерді, әр түрлі ғылым және қызмет салаларындағы әдістер жиынтығын қамтиды.

Практикалық:

- **Ауызша сұрау** студенттердің көзқарасын білу, сұрақтарға жауап беру арқылы және олардың өздерін қалай ұстағандығын бақылау кезінде қолданылады. Ауызша сұрау келесілерді қамтиды:

а) бұл сұрау жазбаша тәсілге қарағанда кеңірек болып табылады. Адамның психологиясын қамтиды, бірақ арнайы оқытуды талап етеді, сәйкесінше көп уақытты алады;

б) ауызша сұрау кезінде оқушылардан алынатын жауап осы сұрақты жүргізген тұлғаға байланысты болады және оның өзін ұстауына байланысты.

- **Жазбаша сұрау** – адамдардың санын көп қамтуға мүмкіндік береді. (Оның кеңінен таралған түрі – анкеталау).

Жазбаша сұраудың кемшілігі болып алдын ала жауап беретін студенттердің көз қарасын білуге мүмкіндіктің жоқтығы және осыған байланысты сұрақтардың сипаттамасын, олардың мазмұны мен жауап берушілердің психологиялық жағдайынан туындаған жағдайын өзгерте ала алмауында.

- **Еркін сұрау** – бұл ауызша немесе жазбаша сұраудың әртүрлілігі. Мұнда қойылатын сұрақтардың саны мен берілетін жауаптардың алдын ала белгілі шеңбермен шектелмейді. Бұл сұрау зерттеудің тактикасын тез өзгертуге, қойылатын сұрақтардың мәнін дәне осы сұраққа берілетін жауаптың әр түрлі болуын қамтиды.

- **Стандартты сұрау** – сұрақтар мен мүмкін болатын жауаптар алдын ала қаралып қойылады.

- **Тестілеу** – бұл оқушылардың білімін өлшеу үшін, тест тапсырмалар жүйесін қамтитын, жүргізу процедурасы стандартталған, қорытындыны талдау мен тексеруді қамтитын инструмент. Тестілеуді екі категорияға бөліп қараса болады – адаптивті және дәстүрлі тесттер.

Адаптивті тест – қойылатын сұрақтардың оңай және орташа қиындығына байланысты басталады. Жауап берушілер келесідей нәтижеге ие болады: қиындығы жоғары сұраққа жауап дұрыс емес берілсе, онда келесі қойылатын сұрақтың қиындық деңгейі төмен болады. Бұл үрдіс тестілеу жүйесі кандидаттың білім деңгейін анықтағанға дейін жалғаса береді.

Дәстүрлі тест сұрақтар тізімі мен әр түрлі жауаптар нұсқасынан құралады. Әр сұрақ белгілі анықталған баллмен бағаланады. Дәстүрлі тестің қорытындысы қойылған сұрақтың саны мен оған берілген жауаптығымен дұрыстығымен байланысты болады [1].

Ойын ойнату

- **Іскерлік ойын** – кәсіби қызмет мазмұнының заттай және әлеуметтік аспектілері қолданылатын әдістер мен тәсілдер. Кәсіби білім мен қабілеттерін дайындауға бағытталады. Іскерлік ойында оқышылардың қабілеттілігі бағаланады.

Іскерлік ойын оқу материалына деген тыңдаушылардың көңілін аударуға, қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді. Ол оқу, тәрбиелеу, дамыту, коммуникативті, диагностикалық, релаксациялық қызметтерді атқарады. Оқытудың ойнату түрі оқытудың ұйымдастырудың топтық түрімен артықшылыққа ие. Іскерлік ойын творчестволық ойлауға және әр түрлі жағдайда талаптары мен қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Іскерлік ойын жүргізу уақыты бойынша, қызметті бағалау бойынша, соңғы нәтиже бойынша, соңғы мақсат бойынша, жүргізудің әдістемесі бойынша жіктеледі.

Рөлдік ойындар – бұл интерактивті тәсіл болып табылады. Бұл ойын түрі жеке арнайы тәжирибесі арқылы оқытушыларды кәсіби жағдайды ұйымдастыруға және реттеуге қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің мақсаты болып мамандарды тұлға аралық және кәсіби қызметі жағдайында өзара әсерлерін бөісу. Ойынға қатысу арқылы оқушылар өздерін жауапты тұлғаның орнына, яғни саясаттық және экономикалық сайыс, жұмыс беруші, мемлекеттік қызметкердің орына қоя алады. Осы ойында ойнау арқылы студенттер өзінің рөліндегі адамның жағдайын түсінуге, дұрыс шешімдер шығаруға, қызығушылықтаға топтардың талаптарын қанағаттандыраудың қиындығын түсінеді. Рөлдік ойын – ағымдық сабақ барысында оқушылардың жұмысының белсенді жүруіне, оқылатын материалдарын игеруге, оны өз позициясының аргументі ретінде қолдануға, оқылатын сұрақтарының өмірде шын қолданылатындығын игеруге мүмкіндік береді.

Тренинг (ағыл. *training, train сөзінен шыққан* – оқыту, тәрбиелеу) – оқытудың белсенді әдісі. Студенттердің білімін дамытуға, талаптары мен қабілеттерін

арттырауға бағытталады. Тренинг жаңа ақпараттарды тек қана алу ғана емес, сондай-ақ алған білімдерін тәжірибеде қолдану кезінде қолданылады. Тренингте келесідей әдістер пайдаланылады: ойындық (іскерлік, рөлдік ойындар), кейстер, топтық пікір-талас, мимен жұмыс және т.б.

Блиц-сұрау. «Блиц» тез деген мағынаны береді, сондықтан да жүргізуге көп уақытты қажет етпейді. Оны жүргізуге негізінен үлкен емес тесттер қолданылады және ол 5 сұрақтан, нұсқаулардың жауаптарынан тұруы қажет. Тест сұрақтары жүргізілетін тақырып мақсатына сәйкес болуы тиіс. Блиц сабағы білімді белсендету үшін, проблемалық жағдайларды шешу үшін, белгілі бір деңгейді түсіну мен меңгеру кезінде жүргізіледі.

Өзіндік зерттеу жұмыс

Оқулықтармен, қосымша және арнайы әдебиеттермен және электронды ресурстармен жұмыс. Маңызды мақсаттардың бірі болып студенттердің жалпы оқуға талаптарын дамыту мен қалыптастыру табылады. Оған кітаппен жұмысқа талаптарын арттыру сияқты аса маңызды талап жатады. Қазіргі уақытта кітаптар тек өткен материалдарын үйде қайталау үшін ғана қолданылады, немесе тек сабақта тапсырманы орындау кезінде қарай салатын анықтама сияқты қолданылады, тек кейде ғана – білімдерін өздері дамытудың көзі ретінде қолданылады.

Қазіргі кезеңнің тенденциясы білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Яғни, әр түрлі компьютерлік құралдарды оқу, электронды анықтамаларды, энциклопедияларды, оқытатын бағдарламаларды, компьютерлік оқулықтар мен бағдарламалық-әдістемелік кешенді меңгеруге тырысады. Қазіргі студенттер негізінен электронды көздерді кеңінен қолданады.

Ұйымдастырушылық:

Дөңгелек стөл – бұл оқытудың белсенді түрі. Оқушылардың меңгеретін қызметтерін ұйымдастыруға, бірлесіп бір салада туындаған мәселелерді талқылауда өз білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Дөңгелек стөлдер оқу семинары түрінде жүргізілуі мүмкін: пән аралық, тақырыптық; пікір-талас: дәрістің материалдары бойынша, тындаушылардың өздерінің ұсыныстары мен мәселелері бойынша; кездесулер: «дөңгелек стөлке» арнайы мамандармен – экономистермен, мәдени қызметкерлермен, қоғамдық ұйымдардың мүшесімен, оқу-тәрбиелік және мәдени мекемелердің, мемлекеттік органдардың қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылуы мүмкін.

Викториналар – әр түрлі білім саласында ауызшы немесе жазбаша сұрақтарға жауап беру түрінде жүргізіледі. Ойындар бір-бірінен негізінен жүргізілу тәртібі, жүргізілу кезегі, сұрақтың түрі мен қиындығына, сондай-ақ дұрыс жауапқа мақтау қазаздарын беру бойынша ажыратылады.

Конференциялар (ор. ғас. лат. conferentia – лат. confero сөзінен шыққан – бірге жинаймын деген мағынаны береді). Жиналыс, топтардың пікірлесуі, белгілі сұрақ бойынша ғалымдардың талқылауы. Шараны ұйымдастыру үрдісі

белгілі бір уақытты алады. Оған құрылымдық бір неше кезеңдерді бөлуге болады:

Конференцияның тақырыбын анықтау.

Бағдарламаны дайындау, спикерлерді шақыру.

Ұйымдастыру (алаңды таңдау, тамақпен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету).

Семинарлық сабақтың құрылымы

Сабақ құрылымы оқылатын тақырыпқа және берілген тапсырмалар жүйесіне тәуелді болады. Оқытушы семинар жүргізудің алдында студенттер оқитын пән бойынша, өтілетін тақырыпта қызығушылықтарын арттырып алуы керек.

Әрбір семинарлық сабақ өз құрылымы бойынша төрт бөлімге бөліп қарастырсақ болады: оқытушының сөзі; семинарлық сабақ бойынша студенттермен сұрақты талқылау; оқытушының қорытынды сөзі; келесі сабаққа тапсырма.

Оқытушының сөзі қысқа болуы тиіс. Осы оқытушы сөйлеген сөзінде тәжірибелік және ғылыми маңызы, студенттердің білімдері мен қабілеттерін тереңдету мақсатында өз ойын, семинар сабағының мақсатын тындаушыларға түсіндіруі және т.б. қамтуы тиіс.

Ол белгілі бір талапқа жауап беруі керек. Мазмұны бойынша:

- а) өткен тақырыппен байланысы;
- б) мәселенің жан-жақтылығы және негізгі мәні мен мақсаты;
- в) аудиторияда талқыланатын сұрақтардың маңызы.

Сонымен семинардың құрылымы:

- ұйымдастырушылық бөлім;
- тақырып және жоспармен таныстыру;
- сабақтың мақсатын;
- семинар тақырыбымен байланысты сұрақтарды талқылау;
- сабақтың жүргізілуін, семинар жоспарының орындалуын талдау және студенттердің дайындалу сапасын қорытындылау;
- сабақты қорытындылау.

Студенттер білімдерін бақылау және сұрау түрі

Білімді бақылау белгілі бір талапқа сәйкес болуы керек:

- объективтілік;
- толықтылық, жан-жақтылық – тек қана оқылатын материалдарды меңгергендіктерін тексеру ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлаулары мен жалпы ғылыми талыптары мен қабілеттерін тексеру;
- жүйелілік және реттеушілік;
- жан-жақтылық – бақылаудың әр түрлә түрлерін қолдану.

Білімді тексеру түрі:

- жазбаша;
- үй тапсырмасын тексеру;

- ауызша сұрау;
- тапырманың орындалуын қашықтықтан текуеру (визуальный контроль);
- фронтальды сұрау;
- тесттілеу
- ағымдық бақылау;
- экзамен;
- іскерлік ойын;
- рөлдік ойын;
- өздік жұмыс.

Студенттердің білімін бағалау

Студенттердің білімін бағалау олардың қорытындысы болып табылады, келесі түрде жүргізіледі:

- сабаққа қатысуда ағымдық білімдерін тексеру;
- оқу тақырыбы бойынша ағымдық бақылауды тексеру;
- оқу курсы бойынша экзаменге қатысуды тексеру.

Оқу сабақтары бойынша білімді бағалау іскерлік, рөлдік ойындарды, тапсырмаларды орындау бойынша қорытындыланады. Білімді тексеру барысында студенттердің білімін бағалау оқытушының шынайылығымен нәтижеленеді. Студенттерге қойылатын баллдар оқытушының көңіл-күйіне, басқада факторларға байланысты субъективті бағаланбауы тиіс. Оқытудың кредиттік жүйесінде студенттердің білімін, талаптары мен қабілеттерін өлшеу мен бақылауды басқару үрдісі модульдік-рейтингтік жүйеде жүзеге асады. Рейтингтік жүйенің тиімділіктері:

- біріншіден, студенттердің ағымдық үлгерімі мен олардың өзіндік жұмысқа белсенділігін ескереді;
- екіншіден, 100-балдық шкала бойынша студенттердің білімін нақты объективті түрді қорытындылауға мүмкіндік береді;
- үшіншіден, оқытудың көп деңгейлі жүйесіне көшкенде студенттердің қабілетін арттырады;
- төртіншіден, студенттердің өздік жұмыстарының кестесіне, студенттердің білімін бақылау кестесіне сәйкес жұмыс орындағандары жөнінде нақты ақпарат алуға мүмкіндік береді;
- бесіншіден, оқытушылар жұмысының тиімділігін арттырады, оларға өз кәсібі қызметін талдауға мүмкіндік береді.

Студенттердің білімін бақылаудың рейтингтік жүйесін енгізу оқыту жүйесін басқарудың жан-жақты дұрыс емес жақтарын болдырмауға мүмкіндік береді. Қорытындысында «өте жексы» және «жақсы» бағаға оқитын студенттердің күмәндарын болдырмайды. Сондай-ақ, рейтингтік жүйені қолдану тақырып бойынша дұрыс емес бағаның қойылуын болдырмайды, баға студенттердің ағымдық семестрдегі жұмысы бойынша қорытындаланады [2].

4. 2014 жылғы статистикалық агенттіктің мәліметтері.
5. Google.kz сайтының арнайы мәліметтері.

Резюме

Қошқарбаев Қ.У. – д.э.н., доцент КазНПУ имени Абая. **Маткаримова Л.К.** – старший преподаватель КазНПУ имени Абая. **Методика проведения семинарских занятий по предмету «Финансы».**

В ходе семинарских занятий оценивается знания студентов и поэтому важное значение имеет мотивация обучения. Для того чтобы получить положительные результаты надо мотивировать, то есть пробудить интерес к тем или иным знаниям и к процессу их получения.

Семинар – это одна из форм обучения, в которой теория обязательно опирается на практику, то есть приложение теорий к практике. Это обучающие занятия, построенные таким образом, чтобы быть максимально эффективным и запоминающимся. Слово семинар происходит от латинского *seminarium* – рассадник.

Цель проведения семинарских занятий – систематизация, углубление и закрепления теоретических знаний, а также расширение знаний по организации и управлению финансами, а также развитие навыков самостоятельной работы и овладения методикой исследования.

В процессе проведения семинарских занятий студенты углубленно изучают специальную и периодическую литературу, статистические данные, учатся применять теоретический материал и всесторонне его анализировать.

Ключевые слова: семинар, производство, глоссарий, кроссворды, блок-схемы, эссе, реферат, круглый стол, викторины, конференция, презентация, демонстрация, иллюстрация.

Summary

Koshkarbaev K.U. - Doctor of Economic Sciences, Associate Professor Abai KazNPU, **Matkarimova L.K.** - Senior Lecturer KazNPU Abaya. **Methodology of realization of seminar employments on discipline "Finances"**

The classes are assessed students knowledge and, therefore, important motivation training. To get positive results it is necessary to motivate that is to awaken interest in this or that knowledge, and the process for their preparation.

Seminar - it one of forms of educating, in that theory necessarily опирается on practice, id est appendix of theories to practice. It is the teaching employments built so that to be maximally effective and memorizable. Word a seminar results from латинского *seminarium* is a nursery.

An aim of realization of seminar employments is systematization, deepening and fixing of theoretical knowledge, and also spread of learning on organizations and to the management by finances, and also development of skills of independent work and capture by research methodology.

In the process of realization of seminar employments students it is deep study специальную и periodic literature, statistical data, учатся to apply theoretical material and all-round to analyse him.

In order that a seminar was the effective form of educating, it is necessary to execute the row of terms and correct to organize employment. Development of seminar, id est концепцию realizations, is needed at the beginning, that plugs in itself raising of aims of seminar, determination of subjects, form, duration, and also determination of general informative and rich in content orientation.

Keywords: seminar, production, Glossary, crossword puzzles, block diagram, essay, research paper, round table, quiz, conference, presentation, demonstration, illustration.

«ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ» ПӘНІ БОЙЫНША СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.З. Оралбаева – *э.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доцент м.а.,*
А.З Арыстамбаева – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. аға оқытушысы*

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында білім берудің негізгі мақсаттарының бірі бәсекеге қабілетті маманды тәрбиелеу болып табылады. Экономикалық білімі бар кез-келген білікті маман экономикалық талдау әдістерін меңгеру арқылы тиімді басқару шешімдерін қабылдай алуы тиіс.

Ұйым қызметін экономикалық талдау бизнесте басқару шешімдерін қабылдау үшін ғылыми база болып табылады. Оларды негіздеу үшін қазіргі және пайда болуы мүмкін мәселелерді айқындау, қабылданатын шешімдердің шаруашылық субъектісінің тәуекелдер мен табыстар деңгейіне әсер етуін анықтау қажет. Сондықтан да барлық деңгейдегі менеджерлердің экономикалық талдаудың әдістемесін меңгеруі олардың кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі болып саналады.

Сонымен бірге, студенттер СӨЖ сабағына дайындалу үшін міндетті түрде қажетті әдістемелік және ақпараттық материалдармен қамтамасыз етіледі.

Түйін сөздер: Жоғары оқу орындары, кредиттік оқу жүйесі, экономикалық білім, экономикалық талдау, студенттердің өзіндік жұмысы.

Қазіргі кездегі жоғары білім беру үдерісі заман талабына сай мамандарды даярлауды, білім деңгейін үздіксіз дамытуды талап етеді. Заман талаптарына сай қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында білім берудің негізгі мақсаттарының бірі сауатты, бәсекеге қабілетті маманды тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан да жоғары оқу орындарындағы экономикалық білім студенттер өздерінің кәсіби қызметтері бойынша типтік міндеттерді шеше алатындай, әртүрлі мәселелерді шешудің тиімді жолдарын таба алатындай, командада жұмыс істей алатындай етіп ұйымдастырылуы керек.

Кредиттік оқу жүйесінде студенттің өзіндік жұмысы білім берудегі негізгі іс-әрекеттердің біріне жатады. Бүгінгі күні өзгерістерге толы ақпараттардың шектен тыс өрбіген заманында тұлғаның негізгі қасиеттерінің бірі өздігімен үйрену мен білім алу болып табылғандықтан өзіндік жұмыстың маңыздылығы күннен-күнге арта түсуде. Экономикалық білімі бар кез-келген білікті маман экономикалық талдау әдістерін меңгеру арқылы тиімді басқару шешімдерін қабылдай алуы қажет.

